ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№48 (3476) 17 маусым 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЛЫҚ КОДЕКСІ: БЮДЖЕТТІ ТОЛТЫРУ ҒАНА МАҚСАТ ПА?

Парламент Мәжілісінің 8 маусымдағы отырысында Салық кодексіне түзетулер қабылданған еді. Онда шағын және орта бизнес субъектілері үшін дивидендтерді салық салудан босату түріндегі жеңілдіктерді алып тастау көзделіп отыр. Егер жоба мақұлданса, 2023 жылдан бастап резидент еместер мен жеке тұлғаларға төленетін дивидендтер (егер дивидендтер сомасы 30 мың АЕК-тен асатын болса) бойынша жеңілдіктер алынып тасталады.

(Соңы 3-бетте)

ЖИЫН

ҰЛЫТАУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ

КЕШЕ ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТІП ЖАТҚАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ БАСТАЛДЫ. ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ЖАҚЫНДА ҒАНА ОБЛЫС МӘРТЕБЕСІН ҚАЙТА АЛҒАН ҰЛЫТАУ ӨҢІРІНДЕ ӨТТІ.

«Баршаңызға Ұлттық құрылтайдың ашылуы құтты болсын дегім келеді. Біз бүгін жалпыұлттық референдумнан кейін алғаш рет бас қосып отырмыз. Ата Заңға өзгерістер енгізуге арналған референдум табысты өтті. Азаматтарымыз дауыс беруге белсене қатысты. Отбасымен бірге барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңаруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты», – деді Қ. Тоқаев.

Ұлттық құрылтайдың қазіргі құрамында Мәжіліс депутаттары мен ҚХА мүшелерінен, азаматтық қоғам мен саяси партия өкілдерінен, сарапшылар мен өңірлердегі қоғамдық кеңес мүшелерінен, кәсіпкерлерден жасақталған 117 адам бар.

Дербес облыс мәртебесі берілген Ұлытау аймағы болашақта тың серпін, жаңа қарқынмен дамитын болады. «Менің Жарлығыммен бұл өңірде жаңа облыс құрылғанын білесіздер. Қасиетті өлкенің атауын жаңғыртып, оны Ұлытау деп атадық. Дербес облыс мәртебесі осы аймақты тың серпінмен дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс орындары ашылып, халықтың әл-ауқаты жақсара түседі деп ойлаймын. Жаңа нысандар, солардың ішінде әлеуметтік кешендер бой көтереді, туристік әлеуеті артады. Облыстың алғашқы қадамы алқалы жиынмен басталуда. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты», – деді Президент.

Бұдан кейін ел бірлігін бекітіп, татулықты, бейбітшілікті нығайтатын, шынайы халықшыл Ұлттық Құрылтай болатынына сенім білдірген Мемлекет басшысы: «Құрылтайға Парламент депутаттары, саяси партиялар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері де шақырылды. Үкіметтік емес және кәсіби ұйымдардың өкілдері де шет қалған жоқ. Құрылтай құрамына өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелерін қостық. Мен, Ұлттық құрылтай атына заты сай болып, ел үмітін ақтайды деп сенемін. Бізде түрлі пікірталас алаңдары бар, бірақ құрылтайдың орны бір бөлек. Құрылтай – кең ауқымды жиын. Бірақ бұл жұмыстың сапасына кері әсер етпеуі керек», – деді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КЕЛБЕТ

ЖАҚСЫ ҰСТАЗ – ЕКІНШІ ӘКЕҢ

Биыл судьялар мен сот қызметкерлері үшін ерекше жыл. Осы уақытқа дейін судьялардың кәсіби мерекесінің жоқтығы жиі айтылатын. Талай жылдан бері түйіні тарқатылмай келе жатқан осы мәселенің жақында оң шешімін тапқанына қуанып отырмыз.

Судьялар мен сот қызметкерлеріне деген қоғамның құрметін нығайтып, кәсіпке деген қызығушылықты арттыратын айтулы күнде ең алдымен сот саласында жол көрсеткен, қолтығымыздан демеп, қадамымызды нықтаған ұстаздарымыздың еңбегі туралы айтпай кету мүмкін емес. Қанаты енді қатайып, қатарға жаңа қосылған жастарды шыңдауда ардагер судьялардың еңбегі ерен. Сот саласындағы ұрпақтар үндестігінің үзілмеуіне де негізгі себепкер – ардагер-судьялар. Ендеше, кәсіби мерекеде ең алдымен құрмет осы тәлімгер аға-апаларымызға көрсетілуі тиіс.

Әйгілі билеуші Александр Македонскийдің: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» дейтін тағылымды сөзі бар. Осы сөзі арқылы қолбасшы ұстазды дәріптеудің, тәлімгерді мойындаудың әдемі үлгісін көрсетіп отыр. Шындығында ақылман ұстаздың алдын көрген шәкірттің – бағыты айқын, бағдары түзу, нәтижесі жоғары. Жақыныңдай болатын жақсы ұстаздың уақыт өте келе екінші әкеңе айналатыны да сондықтан.

Мен де ұстаздан жолы болған жанның бірімін. Қызметке араласқан сәтімнен бастап Зинаида Ахметжанқызы, Құралай Молдабайқызы сынды апалар мен Серік Кәтенұлы секілді мықтылардың қамқорлығын көп көрдім. Сот саласындағы талай судьяның екінші әкесіне айналған Серік Байбатыровтың біз үшін орны бөлек. Тау тұлғалы ағамызбен танысуыма Зинаида Ахметжанқызы себеп болған еді. Ол кезде Серік Кәтенұлы Алматы қалалық сотында төраға болатын. Сот орындаушы болып қызмет етіп жүрген мені Зинаида Ахметжанқызы «еңбекқор, ізденгіш маман, кез келген істі сеніп тапсыруға болады» деп таныстырып, төраға алдында мақтауымды әбден асырды. Біз сөз қадірін білетін халықпыз. Өзім жайлы айтылған сол мақтаудан ұстаз апамыздың маған деген сенімін, шын жанашырлығын, қамқорлығын сезіндім. Ал оның артында қандай жауаптылық тұр десеңізші. Міне, сол кездесуден кейін Серік Кәтенұлымен талай жыл қоян-қолтық бір салада жұмыс істедік. Үлкен өмір мектебінен өтіп, талай жетістікке жетсек те әлі күнге дейін Серік ағамыз сыртымыздан бақылап тұрғандай сезімде жүретінім, алыстап кетсе де ағамыздың тілекші екенін түйсінетінім рас.

(Соңы 5-бетте)

СҰХБАТ

Ләзат САҒЫМБЕКОВА,
Балқаш қалалық сотының төрағасы:

«ЗАҢҒА АРҚА СҮЙЕП, ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУ МЕМЛЕКЕТТІ ӨРКЕНДЕТЕДІ»

– Ләзат Абзалбекқызы, мекеменің құрылу тарихына аз-кем тоқтала кетсеңіз?

–Тарихқа шегініс жасайтын болсақ, Балқаш өңірінде 1932 жылы бесжылдықтың үлкен құрылысы басталды. Содан кейін «Прибалхашстрой» халық соты құрылды. 1937 жылдың 12 сәуірінде Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің шешімімен Балқаш маңы құрылысы Балқаш қаласы болып қайта құрылды. Үлкен қалалық жерде сот ісін жүргізу туралы бірнеше халық соттарының учаскелерін құруға заңмен рұқсат етілді. Осылайша, 1939 жылы «Прибалхашстрой» халық соты Балқаш қаласының халық соттары ретінде 3 учаскеге бөлінді.

(Соңы 8-бетте)

МҰРАҒАТ

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

Биылғы жылдан бастап алғаш тойланғалы тұрған – Сот жүйесі қызметкерлері күніне орай «Тіл мен тарих тамырлас» деген қағиданы ұстанып, Қызылқоға аудандық соты Қызылқоға тарихи-өлкетану музейінен арнайы бұрыш ашты. Онда сот тарихы, оның қалыптасуы мен өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалар жөнінде «Сот жүйесінің қалыптасуы мен даму кезеңдері» тақырыбындағы құжаттар жасақталған.

Қызылқоға тарихи-өлкетану музейінен жасақталған бұрыштың ашылу рәсімін сот төрағасы А. Байназаров бастады. «Кешегі күн бүгінгі тарих» деген қанатты сөзді ұстанып, бүгінгі шараның аса маңыздылығын, тарих пен тіл тамырлас екенін, Қызылқоға аудандық сотының тарихы, оның қалыптасуы мен өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалар жөнінде баршаға көрнекті аудандық тарихи-өлкетану музейінен бұрыш жасақтауды ұйғарғандарын атап өтті. Тақтайшада аудан құрылған жылдан бастап әр жылдары қызмет атқарған сот төрағаларының фотосуреттері, сот тарихы жөнінде басқа да мәліметтер орналастырылған. Төраға осы жұмысты жүзеге асыруға қолдау білдірген музей басшысы Н.Түгелбаевқа ризашылығын білдірді. Әрі қарай сот бұрышының ашылу рәсіміне келген қатысушыларға аудандық сот тарихы, оған енгізілген тұлғалар жөнінде аудандық соттың бас маманы Б.Абдуалиева толығырақ таныстырды. Ол «Сот жүйесінің қалыптасуы мен даму кезеңдері» тақырыбындағы сот тарихы бұрышында қамтылған тарихи суреттерді, сондай-ақ әр жылдары қызмет атқарып, сот жүйесінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, қолтаңбаларын қалдырған сот ұжымы қызметкерлері туралы және сот ардагерлері туралы мәліметтер берді.

Қызылқоға тарихи-өлкетану музейінің басшысы Н.Түгелбаев бүгінгі Қызылқоға аудандық сотының тарихы қамтылған бұрышта сот жұмысы жөнінде бірнеше тың деректер мен тарихи суреттердің куәсі болғанын атап кетті. Музей басшысы әр жылдары аудандық сотта қызмет атқарған төрағалар, судьялар, сот қызметкерлерінің естелік суреттері жан-жақты қамтылғанын, аудан тұрғындары, ауданға келген қонақтар, осы музейге жиі келетінін, сол кезде аудандық соттың тарихынан сыр шертетін бұрыштың болғанын өте орынды деп есептейтінін айтып жеткізді.

Шараға қатысушылар сот тарихымен тереңірек танысып, жылы лебіздер мен құттықтау тілектерін жеткізді.

Қызылқоға аудандық сотының осынау тарихи естеліктерді жұртшылықтың назарына ұсынуы алдағы мерекеге жасалған үлкен тартуы деп білеміз.

Қызылқоға аудандық сотының баспасөз қызметі
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

КОДЕКС

Былтырғы жылдың шілде айынан бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енген болатын. Аталған кодекске сәйкес әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады деп айқындалған.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ІЗГІЛЕНДІРУ ПРИНЦИПТЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелері, арыздары, өтінішхаттары мен олар ұсынған дәлелдер және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Яғни, сот әкімшілік істі қарау барысында белсенді болуы қажет.

Аталған кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Азаматтық процестік кодексінде бұл заң нормасы көзделмеген болатын. АПК-ге сәйкес екі тарап тең болған, яғни сот екі тараптардан табысталған дәлелдемелерді зерттеп оларға баға беріп, шешім қабылдаған.

Қазіргі таңда жаңа кодекске сәйкес жоғарыда көрсетілгендей сот белсенді рөл атқара отырып, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Яғни, негізінен талап қоюшы сотқа мемлекеттік органның шығарған әкімшілік актісімен келіспейтіні туралы талап қоюмен жүгінсе жеткілікті. Сот аталған талап қою бойынша орын алған кемшіліктерді қалай жою керектігін көрсетіп, тиісті мерзім береді. Алайда, талап қоюшы сотпен көрсетілген мерзімде кемшіліктерді дұрыстамаған жағдайда сот талап қоюды лезде қайтармайды, оның себебін анықтап, қажетті жағдайда қосымша мерзім береді. Сонымен қатар, сот өзінің қарауындағы істегі құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға қақылы.

Демек, сот тараптармен табысталған дәлелдемелерді зерттей келе, әкімшілік талап бойынша өзінің пікірін айтады. Мысалы, азамат Б.Т. жергілікті атқарушы органның өзіне қатысты әкімшілік актісін даулап сотқа жүгінген. Істі қарау барысында сот жауапкермен талап қоюшыға қабылданған әкімшілік актісі негізді екені туралы нақты дәлелдеме ұсынбаған. Сот аталған мән-жайды ескеріп талап қою бойынша жауапкерге өзінің қабылдаған актісі заңды әрі негізді екені туралы нақты дәлелдеме ұсынылмауына байланысты, талап қою қанағаттандырылуға жататындығы туралы ескертеді.

Аталған заң нормасы тараптардың қойылған талап қою арызы бойынша татуласуына өзіндік себепкер.

Себебі, осы соттың алдын ала құқықтық пікірін айтуына байланысты кейбір әкімшілік істер бойынша тараптар бастапқысында татуласуға қарсы болғанымен, түбінде әкімшілік іс бойынша келісімге келіп жатады.

Соттың белсенді рөлі негізінде, яғни заң нормасына өзгерістер енгізілуіне байланысты әкімшілік сотқа табысталған талап қоюлардың 70 пайызы азаматтармен заңды тұлғалардың пайдасына шешіліп жатады.

Сонымен қатар, кодекске сәйкес сот белсенді рөлі аясында өзінің бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды.

Бұрын судья азаматтық соттардағы сот процесінде ұсынылған арыздарды, шағымдар немесе іс материалдары аясында баяндалған жағдайларды олардың шеңберінен шықпай зерттесе, жаңа кодекске сәйкес мұндай іс-әрекеттермен шектелмейді.

Жаңа кодексте берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз белсенділігін барынша қолданады. Яғни, судьяның белсенділігіне осыған дейін бейтараптық қағидаты кедергі болса, енді сот процестегі белсенділігі күшейе түсті.

Нұрбол АБДОЛОВ,
Атырау облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

САНДЫҚ ФОРМАТ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ – ЖЕТІСТІКТЕР БАСТАУЫ

Құқықтық-демократиялық, зайырлы қоғам құру бағытында қолға алынған шаралар қатарында заманауи технологияларды пайдалану және оның қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Бұл бағытта елімізде барлық саланы қамтып отырған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы айтарлықтай шаруалар атқарып, біраз жетістіктерге жетіп үлгерді.

Заманауи технологиялар сот жүйесінде де кеңінен пайдаланылады және оның ауқымы жыл өткен сайын кеңейіп келеді. Өйткені, ақпараттық технологияларды пайдалану сот жүйесінің жұмысын жеделдетіп, оның ашықтығы мен қолжетімділігін арттырады. Оған қоса, осы уақытта қоғамымызға терең таралған жеңұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге де заманауи технологиялардың тигізетін әсері мол. «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі іске қосылғаннан кейінгі уақытта сотқа жүгінушілер барлық арыздарын, осы сервис арқылы сотқа жолдауда. «Сот кабинеті» – бұл сот органдарының онлайн сервистері мен қызметтеріне рұқсат алуға арналған бірыңғай терезе. Ол арқылы азаматқа, оның өкілі немесе адвокатқа өзіне қолайлы кез келген уақытта үйінен, кеңсесінен шықпастан, интернет желісі арқылы арызды, шағым немесе наразылықты электрондық түрде жолдауға, мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеуге, сот құжатын, сондай-ақ істің мәртебесін интернет арқылы көруге және сот актісінің көшірмесін басып шығарып алуға, сонымен қатар процессуалдық мерзімдерді қадағалауға мүмкіндік берілген. Соттарда бейнеконференц байланыстарын пайдалана отырып, сот мәжілістерін жүргізу тәжірибелері де уақыт өткен сайын кең өріс алып келеді. Ауруханада жатқан немесе жазасын өтеу мекемесіндегі азаматтарға, тіпті шетелдегі азаматтарға қатысты сот мәжілістері осындай бейнеконференц байланыстары арқылы қашықтан өткізіледі.

Т.АЛИКУЛОВ,
Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе бас маманы-сот отырысының хатшысы

Электронды «Сотқа шақыру» жобасы жылдам, әрі үнемді. Азаматтар талап арыздарын сотқа қағаз түрінде жазып беріп, қолдарына талон алады да, келесі жолы оған істің өндіріске қабылданғаны туралы, сот ұйғарымдары шыққаны және т.б. туралы SMS-хабарламалар немесе электронды хаттар жіберіледі. Осының бәрі жұмыстың жылдамдығын қамтамасыз етіп, процеске қатысушылардың қаржысы мен уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

МЕРЕЙ

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

Туралық, шыншылдық, әділдік секілді кешегі билерден қалған аманатты арқалай отырып еліміздің сот билігі әлемдік стандарттарға ұмтылып келеді. Әсіресе, соңғы жылдары салаға енгізілген өзгерістер сот жүйесін барынша жетілдіре түсті. Осы орайда халыққа ең алдымен керегі сот төрелігіне оңай қол жеткізу. Бұл тұрғыда сот саласын бес сатылы жүйеден үш сатылыға көшіру арқылы халықтың сот төрелігіне қолжетімділігін арттыру мақсаты орындалды деп айта аламыз. Бүгінде сот жүйесін оңтайландырудың игілігін сезініп те отырмыз.

Осыған дейін еліміздегі сот өндірісі негізсіз ұзақ және формальды сипатқа ие екенін, сондықтан, оның атқару тәртібі мен ережелерін біртіндеп жаңғырту қажеттілігі талай рет айтылған болатын. Бүгінде барлық сот сатыларындағы істердің қаралу мерзімі қысқарып, азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеу мүмкіндігі артты. Нақты айтқанда, азаматтардың сотқа жүгінудегі әуре-сарсаңы бес сатылы сотқа қарағанда анағұрлым азайды. Мысалы, бес сатылы сотта бір іске шамамен екі жылдай уақыт кетсе, қазіргі жүйеде ең ұзағы бір жыл ішінде іске толығымен нүкте қойылуда. Сондықтан қазіргі таңдағы сотқа жүгінушілердің санының артуын халықтың сотқа деген сенімінің күшейіп, сот сатысындағы әуре сарсаңның азайып және сот төрелігіне қолжетімділіктің артуымен байланыстыруға болады. Екіншіден, сот сатыларының кемуі апелляциялық сатының рөлін күшейтті. Халыққа да, сотқа да оңтайлы сот ісін жүргізу жүйесі қалыптасты.

Қазіргі сот жүйесінің тағы бір тиімділігі, аудандық соттың шешіміне риза болмағандар аппеляциялық сатыға шағымдана алады. Егер екінші сатылы сот істі қарап, тексеріп, талдау жасау барысында оның дұрыс қабылданбағанын анықтаса, іс кассациялық алқаға жіберіледі. Бір сөзбен айтқанда, сот сатыларын оңтайландыру, істің қаралу сапасына оң ықпал ететінін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Заңдардың да араға уақыт салып, заман сұранысына сай өзгеріп отыруы заман талабы. 2020 жылы еліміздің Азаматтық процестік кодексі жаңартылды. Бұл өзгеріс сот ісін де жеңілдетті. Электронды сот төрелегін жетілдіруге, медиацияға баса мән беріліп, судья құзыреті одан әрі кеңейтілді. Соттардың ақиқатты анықтау үшін қосымша мәліметтер сұратып, анықтамалар жинауға пәрмен беруі қоғам тарапынан оң бағаланып отыр. Сот ісін жүргізу саласын реформалау мен сот органдарын жаңғырту бағытында жүзеге асырылып жатқан шаралардың түпкі мақсаты – азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға бағытталған. Бұл да болса халықтың ақиқатқа, әділдікке жетуі үшін жетілдіріліп отыр. Өйткені, жаңа Азаматтық процестік кодекс судьяның белсенділігін арттырды.Сот процесінде судья тараптарға өзі болысып, оларға заң тұрғысында бағыт бере алады. Себебі, сотқа қатысушылардың барлығы бірдей заң біле бермейді. Білмеу салдарынан қиындықтарға тап болып жатады. Ал судьяның ықпалы азаматтарға оңтайлы болғанын көріп отырмыз. Осы орайда атап өтсек сот шешімдерінің де халыққа түсіндіріле бастауы азаматтар үшін жасалып отырған бір игі іс. Сотпен қарым-қатынаста азаматтардың көңілінде еш күдік қалмауы қажет. Әрбір азамат сот арқылы әділдікке қолы тез жететініне және әділдік орнайтынына сенуі керек. Бұл халық пен сот арасын жақындатады. Қазір сот шешіміне шағымданушылардың азаюы халықтың сотқа сенімінің артқанын, сот шешімін түсіндірудің тиімді болғанын айғақтайды.

Тәуелсіз және әділетті сот – кез келген мемлекет қызметінің негізі. Онсыз әлемнің бірде-бір елінде, тіпті, ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуал да, азаматтар әл-ауқатының жоғары деңгейі де, қоғамның табысты дамуы да мүмкін еместігін мемлекет басшысы бірнеше рет атап өткен болатын. Сондықтан халық мүддесіне сай жаңғырып жатқан жүйедегі өзгерістер қоғам қолдауына да ие болып отыр.

Руслан ЖАМАЛБЕКОВ,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЛЫҚ КОДЕКСІ: БЮДЖЕТТІ ТОЛТЫРУ ҒАНА МАҚСАТ ПА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының алаңында арнайы баспасөз мәслихатын ұйымдастырушылар дивидендтерге салық салу бойынша қолданыстағы жеңілдіктердің күшін жою негізсіз екенін және инвестициялардың кетуіне әкеледі деп санайды. Бизнес өкілдері ҚР Парламенті Сенаты осы түзетулерге қатысты көптеген қарсылықтарға назар аударып, дивидендтер бойынша қолданыстағы жеңілдіктердің күшін жоюға жол бермейді деп үміттенеді.

«Алматы кәсіпкерлері Салық кодексіне дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктерді алып тастайтын жаңа түзетулердің енгізілуіне алаңдайды. Кәсіпкерлердің пікірінше, бұл норма бизнеске екі есе салық салынуына алып келеді, инвестициялардың тиімділігі мен Қазақстанның инвесторлар үшін тартымдылығын төмендетеді», – деді Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Максим Барышевтың айтуынша, дивидендтерге салынатын салық қазір мынадай тәртіпте төленеді – егер кәсіпкер компанияны 3 жылдан аз уақыт иеленсе, онда дивидендтерге 5% төлейді, егер компаниясына 3 жылдан астам уақыт болса, дивидендтерге салық салынбайды. Қазір дивидендтерге 10% мөлшерлеме белгілеу ұсынылды. Егер біз жаңа Қазақстанның қарқынды дамуын қаласақ, онда қосымша салықтар енгізетін түзетулердің күшін жойып, түсінікті Салық кодексін жасап, кодекске кем дегенде 3 жылға өзгерістер енгізуді тоқтату қажет. «Еңбекақыға салынатын барлық салықты біріктіріп, бірыңғай салық мөлшерлемесін 20%-дан аспайтын етіп жасауды ұсынамын. Мұндай мөлшерлеме еңбекақы қоры үшін оңтайлы екенін әлемдік тәжірибе көрсетті», – дейді М.Барышев.

Қазақстан Автокөлікшілер одағының бас директоры Сәбит Аманбаевтың сөзіне қарағанда бұл салық кәсіпкерлерге айтарлықтай зиянын тигізеді. Себебі, бұл норма кәсіпкердің тапқан таза пайдасына қосымша салық болып отыр. «Біздің корпоративті табыс салығын төлеуіміз жеткілікті болуы керек қой. Ал бұл нормада екінші қосымша салық салынбақ. Бұл қосымша жүктеме бекітілсе онда кәсіпкер табысты жасыру жолын іздей бастайды, көлеңкеге қашады. Бұл норма кәсіпкерліктің дамуына кедергі, мемлекеттік саясатқа қайшы», – дейді ол.

«Бұл норма қолданыстағы нормалармен салыстырғанда шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілері үшін қолайсыз. Егер қазір ШОБ субъектісі үш жыл бұрын сатып алынған жабдықты сатса, оған ҚҚС төлемеуі керек. Ұсынылып отырған норманы енгізу кезінде төртінші жылға кәсіпкер қосылған құнға салық төлеуі тиіс болады», – деді «Фирма «Тигрохауд» ЖШС-нің Бас директоры Жанар Құралбаева. Оның сөзіне қарағанда, қазіргі кезде, мысалы, кәсіпкер өз басқаруындағы компанияға үш жылдан астам уақыт жетекшілік етсе, жекелеген шарттар орындалатын болса, онда дивидендтерге салық салынбайды. Компания табысына 20% көлемінде корпоративті табыс салығы салынады. Құрылтайшы-кәсіпкер өз табысын дивидендтер арқылы алады.

Sayat Zholshy&Partners адвокат кеңсесінің серіктесі Елена Тюрейкина: «Егер заң жобасы осы қалпында мақұлданса, онда дивидендтер бойынша салық жеңілдігі жеке тұлғалардың едәуір аз тобы үшін жеңілдік болады. Дивидендтер жеке тұлғалардың салық салуға жататын кірістерінен айлық есептік көрсеткіштің 30 мың еселенген мөлшері (шамамен 96 млн теңге) шегінде ғана алып тасталады. Қалған бөлігінде дивидендтерге жалпы табыс салығы мөлшерлемесі бойынша салық салынатын болады, ол 5%-дан 10%-ға дейін ұлғайтылады. Мұндай өзгерістер жеке тұлғалардың жұмысына кедергі келтіреді, өйткені, олардың табысына түсетін салық ауыртпалығы артады.

Салық кодексіне осындай маңызды және әлеуметтік сезімтал өзгерістерді ұсынған бастамашылар осы өзгерістің тиіімділігіне қатысты ешқандай сенімді дәлел келтірмейді. Ешкім тіпті, осы өзгерістерден болатын әсерге ешқандай талдау жасамаған сияқты. Керісінше, жалғыз мақсат – бюджетті толтыру көзделгені байқалады», – дейді ол.

Салық кодексіне енгізілген түзетулерге қатысты пікір білдіргендер бұл отандық шағын және орта бизенске теріс әсер етуі мүмкін екенін айтты. Олар мұндай өзгерісті атүсті емес, жүйелі түрде қарау қажеттігін атап өтті.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ЭКОЛОГИЯ БЕЛСЕНДІЛЕРІ КӨПШІЛІКТІ ПЛАСТИК ЖИНАУҒА ШАҚЫРДЫ

Қазақстанда жыл сайын 90 мың тонна пластик қалдықтары қоқысқа шығарылады. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша, оның тек қана 3,5% ғана өңделеді. Сол себепті, «Қазақстан буып-түю қауымдастығы» пластикалық қоқыс мәселесін шешу, экологияны жақсарту және пластикалық бөтелкелерді қайта өңдеуді жаңа деңгейге шығаруға қатысты өз ұсынысын жариялаған кезде оған үміт артқандар аз болмады. Өйткені, 15 ПЭТ (полиэтилентерефталат) қалдықтарын қайта өңдеушілердің басын біріктірген қауымдастық қайта өңдеуді 1-2 жылда 50 % дейін жеткізуге ниет білдіріп отыр. Ол үшін елді мекендерде пластикалық бөтелкелерді қабылдайтын фандоматтар орнатуды жоспарлауда. Оны олар өз күшімен не инвесторларды тартып жүзеге асырмақ.

– Ірі қалаларда қоқыс көп жиналады. Сондықтан оны қайта өңдеу ісін жаңғыртуды Алматы қаласынан бастағымыз келіп тұр. Бұл жобаны жергілікті атқарушы органдар қолдайды деп үміттенеміз. Біз әзірге кем дегенде жүз, ары кетсе мың данаға дейін фандомат сатып алып, оларды адам көп жиналатын жерлерде, сауда орталықтарында және басқа да объектілердің жанында орнатпақпыз. Полимер бөтелкелерді 3-5 теңгеге сатып алуды жоспарлап отырмыз. Осылайша қоқыс полигондарындағы полиэтилен қалдықтары мәселесін шешуге үлес қосамыз. Қайта өңдеушілер ретінде біз Қазақстандағы ПЭТ-қалдықтар мәселесін біртіндеп шешуге дайынбыз», – дейді Қазақстан буып-түюшілер қауымдастығының басқарма төрағасы Батырбек Әубәкіров. Бұл жобаға олар тек минералды су, газдалған сусындар мен шырындар өндірушілердің ғана емес басқа салалардағы ірі кәсіпорындардың да қатысуына мүдделі. Әсіресе, банктердің қатысуын маңызды деп санайды. Себебі, тапсырылған бөтелкенің ақшасы қазақстандықтарға қолма-қол түскені жобаны сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Б.Әубәкіровтың айтуынша, фандомат құру және пластикалық бөтелкелерді жинаудың мақсаттары: бірінші экономикаға пайда. Пластикалық бөтелкелерді қайта өңдейтін 15 зауыттың жылына 60 мың тонна қалдықты қайта өңдеуге қуаты бар. Зауыттар қазір шикізат жетіспеген соң өз қуатын пайдалана алмай отыр. Екінші, экологияға пайда ПЭТ-бөтелкелерді қоқыс полигондарда өртеуге не ол жерден бақылаусыз шығаруға жол бермеу. Үшінші – қоғамдық жұмыс.

«Біз халықпен жұмыс жасағымыз келеді. Бөтелкелерді неліктен лақтырмау керегін түсіндіруіміз қажет. Көпшілікті бөтелке жинауға шақырғымыз келеді: ол біреуге қосымша қаражат, басқасына экологиялық немесе альтруистік ізгі амал. Біз ПЭТ-қалдықтардың өңделгенін қалаймыз. Олар топыраққа, суға түсіп, айналаны қоқысқа толтырмауы керек, өртенген кезде ауаны ластамауы керек. Біз бұны бірге жүзеге асыра аламыз. Бос бөтелкелерді фандоматтан зауыттарға апарып, флекс, түйіршік, талшық, геотекстиль сияқты пайдалы өнімдер жасайтын боламыз. Бұл әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жағынан да өте маңызды жоба», – дейді Батырбек Әубәкіров.

Бұған дейін Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті 14 маусымнан бастап Қазақстан аумағынан ПЭТ қалдықтарын әкетуге 3 айға тыйым салынатынын жариялаған еді. Ол Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің «Полиэтилентерефталат қалдықтарын әкетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы» 27 мамырдағы № 289 бұйрығына сәйкес жүзеге асқан. Онда ел аумағынан бөтелкелерді, сауыттар және ұқсас бұйымдарды; пропиленпластмассаларынан жасалған қалдықтарды, кесінділерді және сынықтарды әкетуге тыйым салу қарастырылған болатын. Бұл шара отандық полимерөнімін өңдеушілерді қолжетімді шикізатпен, яғни ПЭТ қалдықтарымен қамтамасыз ету мақсатында, өндіріс көлемін ұлғайту және ішкі нарықта құнын төмендету мақсатында енгізіліп отырғаны айтылған. Пластик қалдықтарды өңдеушілер үшін бұл үлкен мүмкіндік.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

2022 жылғы алғашқы 5 айдағы мемлекеттік қаржының атқарылуы туралы Үкімет отырысында жасалған Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың баяндамасына қарағанда мемлекеттік бюджетке 6 трлн 554 млрд теңге сомасында кірістер түсті немесе жоспар 107 % орындалды.

ИГЕРІЛМЕГЕН ҚАРЖЫ – 58 МЛРД ТЕҢГЕ

Атап айтқанда республикалық бюджетке 4,4 трлн теңгеге жуық кіріс түсіп, жоспар 100,9% орындалды. Кірістер бойынша жоспар – 41 млрд теңге, оның ішінде салықтар – 11 млрд теңгеге, салықтық емес кірістер – 29 млрд теңгеге асыра орындалды. Салықтар бойынша асыра орындаудың негізгі сомалары ішкі өндіріс тауарларына салынатын қосылған құн салығына тиесілі болды. Жоспардың асыра орындалуы ағымдағы жылғы 4 айдағы жұмыстарды, қызметтерді және тауарларды өткізу бойынша айналым сомаларының өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 24,4% ұлғаюына байланысты.

– Жоспар корпоративтік табыс салығы, импортқа қосылған құн салығы және шикі мұнайға экспорттық кеден бажы бойынша орындалмаған. Корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар 648 ірі салық төлеуші бойынша аванстық төлемдер сомаларының 48%-ға немесе 46 млрд теңгеге азаюына байланысты орындалмаған. Импортқа қосылған құн салығы бойынша жоспардың орындалмауының негізгі себебі, үшінші елдерден импорттың төмендеуі. Шикі мұнайға экспорттық кеден бажы бойынша жоспардың орындалмауы шикі мұнайға іс жүзіндегі мөлшерлеменің болжамды көрсеткіштен орташа 5,5% немесе шикі мұнайдың баррелі үшін төмендеуіне және теңге бағамының АҚШ долларына шаққанда өзгеруіне байланысты болды», – дейді Ерұлан Кенжебекұлы. Оның айтуынша, жергілікті бюджеттердің кірістері 122% атқарылып, 2 трлн 154 млрд теңгені құрады. Жоспар 388 млрд теңгеге, оның ішінде салықтар бойынша – 351 млрд теңгеге асыра орындалды. Кірістер бойынша жоспарлар Түркістан облысынан басқа барлық өңірлерде асыра орындалды.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары – 98,5%, республикалық бюджеттің шығыстары – 99,1%, жергілікті бюджеттердің шығыстары 98,3% атқарылды.

Республикалық бюджет бойынша 6,9 трлн теңге сомасына шығыстар жүргізілді.

Атқарылмау 65 млрд теңгені құрады, оның 7 миллиардын – үнемдеу, 58 миллиарды игерілмеген қаржы. Қаржы министрінің сөзіне қарағанда, игерілмеген қаржының ірі сомалары төтенше жағдайлар, ішкі істер, денсаулық сақтау, экология, геология және табиғи ресурстар министрліктерінде қалыптасты. Оның негізгі себептері: конкурстық рәсімдер мен шарттар жасасу рәсімдерінің ұзақ жүргізілуі, орындалған жұмыстар актілерін, шот-фактураларды уақытылы ұсынбау, төлеуге берілетін шоттардың кеш ұсынылуы.

«Жергілікті бюджеттердің шығыстары 3,5 трлн теңгені құрады. Атқарылмағаны – 61 млрд теңге. Ағымдағы жылы өңірлерге 3,3 трлн теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделген. Оларға 1 маусымға 933 млрд теңге бөлінген. Оның 98,2% игерілген. Атқарылмағаны – 17 млрд теңге, оның ішінде 4 млрд теңге – үнемдеу, 13 млрд теңге игерілмегені. Ең көп игерілмеу: Нұр-Сұлтан қаласы мен Маңғыстау, Алматы және Қызылорда облыстарында қалыптасты. Игерілмеудің негізгі себептері: төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың ұсынылмауы, жобалау-сметалық құжаттаманы түзету, орындалған жұмыстар актілерін уақытылы ұсынбау, конкурстық рәсімдердің ұзақ жүргізілуі, төлеуге берілетін шоттардың қазынашылық органдарына кеш ұсынылуы», – дейді Е.Жамаубаев.

Министрдің есебіне қарағанда, 5 айда 5,3 трлн теңгеден астам сомаға 328,5 мың мемлекеттік сатып алу рәсімі камералдық бақылаумен қамтылған. Тексеру қорытындылары бойынша 26 145 рәсімнің бұзушылықтары анықталып, мемлекеттік аудит объектілері бұзушылықтарды жою туралы хабарламалардың 93% орындады. Өткізілген 957 аудиторлық іс-шарада аудитпен шамамен 1,9 трлн теңге бюджет қаражаты қамтылды. 80 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. Тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және жұмыстарды орындау, бюджетке өтеу және есепке алу жолымен 71 млрд теңгеге бұзушылықтар жойылды. Аудит объектілері қызметін жетілдіру және тиімділігін арттыру үшін 817 ұсыным берілді.

Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында 721 нысанды сату көзделген болатын. Е. Кенжебекұлының айтуынша, есепті кезеңде 670 нысанның 227-сі 61 млрд теңгеге сатылды және кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілді. 40 нысан сатылуға қойылып, 36 нысан қайта ұйымдастырылды және таратылды. 162 нысан сату алдындағы дайындықта. 205 нысанды жаңа жеке операторлардың пайда болуына жол бермеу тұрғысынан Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия жұмысының шеңберінде кешенді жоспардан алып тастау ұсынылады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ораз БАЙМҰРАТОВ,
Әлеуметтік экономика және қаржы институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:

– Әлемдік тәжірибеде игерілмеген бюджет қаржысын тек азайтып ғана қоймай, оны толық жоюға да болады. Оның бәрі бюджетті жоспарлаудың сапасына байланысты. Әрине, дағдарыс жағдайында бюджетте белгілі бір деңгейде игерілмеген қаржының болуы қалыпты нәрсе деуге де болады. Экономикалық қарым-қатынасы тым тереңдеп кеткендіктен біздің елімізге белгілі бір деңгейде Ресейге салынған экономикалық санкциялардың да әсері бар. Бюджет қаржысының тиімді жұмсалуына әсер ететін фактор көп. Оны жан-жақты қарастыру қажет.

Жалпы, бюджеттегі игерілмеген қаржының көлемін 1-2 пайызға дейін төмендетуге болады. Бізде оның көлемі жоғары боп тұр. Мемлекет қолдауын қажет ететін салалар жеткілікті боп тұрғанда бюджеттегі игерілмеген қаржы туралы айту қолайсыз нәрсе. Өйткені, бізде бюджет тапшылығы бар. Қаржы жетпей жатқанда, жоспарланған бюджет қаржысының тиімді игерілмеуі ондағы жоспарлау сапасының да көрсеткіші болып тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕТКЕН ҚҰРЫЛЫМ

М.НАҒАШЫБАЕВ,
Атырау қаласы № 2 сотының төрағасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы наурыз айында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында Конституцияның ең жоғары заңдық күші барын, Ата Заңымыз еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі екенін айтты. Конституциялық Сот құрылатынын, өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу керектігін көтерді. Сондай-ақ, құқық қорғау мәселелерін үнемі жетілдіріп отыру қажет екенін, барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін еместігін, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауларына кепілдік берілетінін, алқабилер қарауына берілетін істердің саны артатынын, бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік беретінін айтқан болатын.

Егемендіктің алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіленді. 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің өте маңызды тұғыры болды. Атап айтқанда, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңмен белгіленді, соттар бір жүйеге біріктіріліп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің оңтайлы және тиімді негізі қаланды. Судьялардың әлеуметтік, материалдық-техникалық мәселесі толық қамтамасыз етілді. Конституциялық заң сот құзыретінің шегін айқындап, судьялар сот төрелігін жүзеге асырған кезде тек заңға ғана емес, әділеттілік, моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенетін болды. Сот жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер халықтың сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқығын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, яғни азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті.

Сот жүйесінің басты мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыру. Сондықтан басым бағыттың бірі – соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасында екіжақты байланысты қалыптастыруға негізделді.

Жоғарғы Сот бас болып, бірегей соттық жүйе құрылып, біркелкі соттық тәжірибе орнатылып, бірегей кадрлық саясат жүргізілуде. Сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша енді республикада үш буынды сот жұмыс жасайды.

Үкімет қаулысымен биыл еліміздегі мерекелер Судья және сот қызметкерлер күнімен толықты. Бұл біз үшін үлкен қуаныш. Республиканың сот жүйесі осы жылдар аралығында құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басуда.

ҚҰРМЕТ

24 маусымның Судья және сот қызметкерлері күні болып бекітілуі мерейімізді өсірді. Бұл күн сот ардагерлеріне алғыс айтуға, салада табан аудармай еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі мамандарды марапаттауға, ризашылықты білдіруге тамаша мүмкіндік. Біздің Қапшағай сотында да бар өмірін, күш-жігерін сот саласына арнаған мамандар аз емес. Өз кәсібін сүйетін, өзі қызмет еткен саланың жандануына себепші болып жүрген әріптестеріміз кейінгілерге үлгі боларлықтай.

БІРЛІГІ МЫҚТЫ ҰЖЫМНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК

Үзімжан АШУБАЕВА

Айгерім ӘБДІҒАЗИЕВА

Айжан БАТЫРБЕК

Альфинур ИСМАГИЛОВА

Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының штаттық құрамында 7 судья, кеңсе меңгерушісі мен 13 кеңсе маманы және 1 аға сот приставы жұмыс істейді. Соның ішінде қалалық соттың тіршілігімен біте қайнасқан, ұжымның алдыңғы легінде жүретін кеңсе меңгерушісі Үзімжан Ашубаева, бас мамандары Айгерім Әбдіғазиева, Айжан Батырбек, жетекші маман Альфинур Исмагиловалардың орны қашанда бөлек. Көштің алдында жүретін әріптестеріміздің алды 30 жыл, кейінгілері 20 жылға жуық еңбек жолын сот саласына арнаған.

Мысалы, Үзімжан Байдаулетқызы психолог және заңгер мамандығын алған. Алғашында мектепке орналасып, психолог қызметін атқарған әріптесіміз жүрек қалауымен ақыры сот саласына келеді. 11 жыл сот отырысының хатшысы, одан кейін сот кеңсесінің бас маманы, соңғы 7 жылдан бері Қапшағай қалалық сотының кеңсе меңгерушісі лауазымын атқарған әріптесіміздің тиянақтылығы, жауаптылығы, талапшылдығы көпке өнеге. Әрине, 2001 жылғы соттың жағдайы мен қазіргі соттың жағдайын салыстыру мүмкін емес.

– Қазіргі кезде сот залдары толықтай дыбыс-бейнежазба құралдарымен жабдықталған. Бұл сот отырысында заң талаптарының қатаң сақталуына себепші болады. Жаңашылдық сот отырысы хатшысын том-том істер бойынша хаттаманы қолмен жазу бейнетінен құтқарды. Заманауи технологияның арқасында қағаз құжат айналымы қысқарды, сот ісін жүргізу электрондық үлгіге көшті, – дейді тәжірибелі маман.

Ал Айгерім Нәшірбайқызының Қапшағай қалалық сотындағы еңбек өтілі 30 жыл 10 айдан асқан екен. Осының өзі әріптесіміздің жұмысына шексіз берілгенін дәлелдейді. Тәуелсіздік алған кезден бері сот жұмысына араласқан Айгерім Нәшірбайқызы – отандық соттың қалыптасу, даму жолына куә болған маман.

– Істерді мемлекеттік тілде жүргізу үшін Қапшағай қалалық халық сотының штатын ұлттық кадрлармен толықтыру мақсатында 1991 жылғы 6 тамыздағы бұйрықпен сот отырысының хатшысы лауазымына қабылдандым. Ол кезде сотта істер өте көп болатын. Хатшы қызметін жұмыс уақытында атқарып, сот штатында шабарман болмағандықтан, жұмыстан кейін қарау мерзімі аяқталуға жақын істер бойынша тараптарға, сотқа қатысушыларға шақыру қағазын таратып, одан кейін жазып үлгермеген қағаздарымды үйге көтере келіп, түннің бір уағына дейін толтыратынбыз. Хаттамадан басқа сот актілерін орындауға жолдау, істерді рәсімдеп кеңсеге өткізу жұмыстары тағы бар. Талай қиындық көрсек те, мойымадық. Бүгінде жаңа технология жұмысымызды едәуір жеңілдетті, – деп еске алады Айгерім Әбдіғазиева.

Ол кезде шынында сот хатшысы өзі табель толтырып, айлық таратушы, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді, талап арыздар мен арыздарды, жалпы сотқа келетін құжатты қабылдау, тіркеу, статистикалық картасын толтыру, олар бойынша сот есебін беру жұмысын да атқаратын. Осы міндеттерді мінсіз орындаған Айгерім Нәшірбайқызы бас маман, кеңсе меңгерушісі қызметін де атқарды. Әрі Айгерім Әбдіғазиева мемлекеттік тілдегі барлық құжатты дайындап, ана тілімізге байланысты өтетін шаралар мен байқауларға сот атынан үнемі қатысып, жүлделі орын алатын. Соның арқасында алған марапаты да аз емес. I, II дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісі, Алматы облыстық сотының Құрмет грамотасы, Қапшағай қаласы әкімінің Құрмет грамотасы, Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқарма төрағысының Алғыс хаты сол ізденістің, белсенді жұмыстың жемісі. «Сот жүйесінің үздік аудармашысы» облыстық байқауына қатысып, «Мемлекеттік тілде іс жүргізу үздігі» байқауында I дәрежелі диплом алған әріптесімізден кейінгі буынның үйренері аз емес.

Сондай-ақ, бас маман Айжан Батырбектің де сот саласындағы жалпы қызмет өтілі 22 жылдан асқан екен. Еңбек жолын 2000 жылы Қапшағай қалалық сотына хатшы-терімші болып бастаған ол кейін сот мұрағатшысы және сот отырысының хатшысы болып 2005 жылға дейін жұмыс атқарған. 2005 жылдан 2012 жылға дейін Петропавл қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында сот отырысының хатшысы болып жалғастырды. 2012 жылдан бүгінге дейін Қапшағай қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі бас маманы.

Ал жетекші маман Альфинур Исмагилованың 25 жылдан бергі өмірі Қапшағай қалалық сотымен байланысты. Осы жылдарда мұрағатшы, азаматтық істер бойынша маман, кіріс және шығыс құжаттарды тіркеуші маман болып қызмет атқарған Альфинур Мирзаханқызы соттағы тәртіптің сақталуына, азаматтардың әуре-сарсаңға түспей өзіне қажетті құжаттарын алуына септігін тигізіп келеді.

Қарап отырсақ, кейінгілерге жол көрсетіп, білгенін үйретіп келе жатқан тәжірибелі әріптестеріміздің қай-қайсысының да сот тарихындағы орны ерекше. Соттың жандануына осындай сенімді, өз ұстанымына адал, мамандардың ықпалы зор. Қапшағай қалалық сотының жағымды жылнамасын қалыптастырған әріптестерімізге алғысымыз шексіз.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қапшағай қалалық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

Қазақстанда мемлекеттік билік үш тармаққа бөлінеді: заң шығарушы, заң орындаушы және сот. 1991 жылы мемлекет тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды.

Сот жүйесінің қызметі ел Конституциясының VII бөлімінде және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында айқындалған. Соттың мәртебесі, оның беделі мен тәуелсіздігі мемлекеттегі заң үстемдігінің, сонымен қатар, жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нақты көрсеткіші болып саналады.

Ата Заңымызда мемлекетімізге қатысты барлық маңызды бағыттармен қатар сот жүйесінің базалық қағидаттары да көрсетілген. Бұл қағидаттардың басым көпшілігі күнделікті жұмысқа, сот жүйесінің құқық қорғау сипаты: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот төрелігі арқылы қамтамасыз ету, олардың әрқайсысын соттың қорғайтынына кепілдік беру, айыпталушының кінәсіздік презумпциясы, жәбірленушіні қылмыстан, билікті асыра пайдалану принциптерінен қорғау және басқа да бірқатар қағидаттармен байланысты болады. Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі әлемнің ең озық мемлекеттерінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сәйкес келеді.

Республикамыздың сот жүйесі өзінің бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Ұлт Жоспары аясында соттарды одан әрі жетілдіру мақсатында «Сот жүйесінің жеті түйіні» басым бағыттарын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып, нәтижесінде сот жұмысы жетіліп, азаматтар үшін мейлінше ашық әрі қолжетімді бола түсті. Соңғы жылдары электрондық сот төрелігіне ерекше назар аударылып, ол халық тарапынан оң бағасын алып та үлгерді.

Лариса КЕНЖЕЕВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ТАҒЗЫМ

«Ұстазы мықтының ұстамы мықты» дейді халық мәтелі. Сол айтпақшы, біздің кәсіби мансаптық жолымыздың сәтті, бағындырар биіктеріміздің көп болуына тәлімгерлер орасан зор еңбек сіңірді. Жалпы, сот саласындағы тәлімгерлік мектептің күшті екені бұрыннан белгілі. Аға буынның кейінгі жастарға деген қамқорлығы бір мысқал кеміген емес. Менің де сот саласындағы еңбек жолымда бағыт берген, ақыл-кеңесін аямаған, қиналғанда қолтығымнан демеп, керек кезінде ағалық жанашырлығын көрсеткен тәлімгерлерім аз емес. Солардың ішінде Әбдумуталіп Елікбайұлы Бектұрғановтың шоқтығы биік.

«ДҰРЫС ҚАНАТТАНҒАН ТҮЗУ ҰШАР»

Әбдумуталіп Елікбайұлы Қазақ Ұлттық университетінің түлегі. Қара шаңырақты заңгер мамандығы бойынша бітірген ағамыз еңбек жолын туған жерінде тергеуші болудан бастаған. Сарыағаш ауданындағы агроөнеркәсіп бірлестігінің заң кеңесшісі, Келес ауданында совхоздың аға заң кеңесшісі болып тәжірибесін шыңдаған Бектұрғанов кейіннен Атырау облысында тергеуші, Алматы қаласындағы Москва аудандық мемлекеттік тергеу комитетінде бөлім бастығы қызметін атқарған. Ағамыздың сот саласындағы жұмыс тәжірибесі Шымкент қалалық сотына судья болудан басталды. Бұл 1997–2002 жылдар аралығы еді. Бұған дейін заңгерлік шеберлігін шыңдаған Әбдумуталіп Елікбайұлы сот саласында да өзін білікті, кәсіби маман ретінде көрсете білді. Соның арқасында көп ұзамай Арыс қалалық сотына, ізінше Шымкент қаласындағы мамандандырылған әкімшілік сотына, одан соң Сарыағаш ауданындағы мамандандырылған әкімшілік сотына төраға болды. Осының өзі ағамызға ең бір жауапты соттардың сеніп тапсырылғанын, оның қабілетіне көпшіліктің сенгенін көрсетеді. Құрметті демалысқа Түркістан облысы Сайрам аудандық сотында судья болып жүрген кезінде шықты.

Ағамызбен 2009 жылдың қыркүйек айынан бастап Сарыағаш аудандық сотында қоян-қолтық жұмыс істедік. Бұл ауданда халық көп шоғырланған. Соған сәйкес, қаралатын іс материалдары да көп. Ал әр істің артында адам тағдыры тұрады. Сондықтан төрағамыз әр іске мұқият, жауаптылықпен қарау керектігін үнемі есімізге салып отыратын. Ол кісі ешқашан төрағамын деп төрде отырған жоқ. Жас судьяларға өзімен теңдей қарап, салаға бейімделуіне, жұмысты тез меңгеріп кетуіне қолдан келгенінше көмектесті. «Білмегенінді сұраудан ұялма» дейтін бізге қолдау көрсетіп. 2007–2011 жылдары Сарыағаш ауданының мамандандырылған әкімшілік сотында жылына 4000 іс қаралды. Кейінгі жылдары тіпті жүктеме 10 мың іске дейін көбейді. Жұмыстың көптігі, жүктеменің жоғарылығы бізді ширатты. Төраға ұжымды сапалы жұмыс істеуге ұйыта білді, ынталандыруға шебер болды. Бірлігі күшті ұжымның кез келген биікті бағындыратынына біз осы жылдары көз жеткіздік.

Осы жылдары жасалған жұмыс елеусіз, ескерусіз қалған жоқ. Сарыағаш ауданының мамандандырылған әкімшілік соты республика соттарының арасындағы ең үздік сот атанды. Осылайша төрағамыз Жоғарғы Соттың сол кездегі төрағасы Бектас Бекназаровтың қолынан «2012 жылдың үздік аудандық соты» деген дипломды алды. Бұл біздің ұжымның тынымсыз, берекелі жұмысының нәтижесі еді. Үздіктерді іріктегенде, соттардағы жоғары көрсеткіш қана емес, сонымен бірге жасалған төреліктің әділдігі, сапасы да ескеріледі. Ең бастысы, біздің сот судьяларының шешіміне қатысты осы жылдары бірде-бір арыз түспеген екен. Мұндай марапаттың, мойындаудың артында мықты басшының тұратыны кім-кімге де белгілі.

«Дұрыс қанаттанған түзу ұшар» дейді қазақ. Сол айтпақшы, біздің дұрыс бағдар алып, қанатымыздың қатаюына Әбдумуталіп Елікбайұлы көп ықпал етті. Ол кісінің мектебінен өткен сот хатшылары бүгінде республиканың түкпір-түкпірінде судья болып жемісті еңбек етіп жүр. Бектұрғановтың тәлімін көрген судьялар да ағамыздың қамқорлығын ешқашан естен шығармайды.

Салтанат КУСЕМБАЕВА.
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

КЕЛБЕТ

ЖАҚСЫ ҰСТАЗ – ЕКІНШІ ӘКЕҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Байбатыровтың шекпенінен шыққан шәкірттің бірі болғандықтан, сот саласында мойындалған іскер басшы, жанашыр аға туралы айтарым көп. Ол кісімен қызметтес, сапарлас болған кезде түсінгенім, Серік ағамыздай мейірімді, іскер, мемлекетшіл, «айналасына болса екен» деп тұратын кең жүректі тұлға аз. Үлкен істерді жылы жымиып жүріп-ақ айғайсыз, дабырасыз шешетін ұстазымның сабырлылығы, салқынқандылығы көпке үлгі. Дау алаңы саналатын сот саласында жүргендердің арасында мұндай қасиетке ие жандар сирек кездеседі. «Ақиқат таластан туады» демекші, әр күні талас-тартыссыз өтпейтін салада ашуды ақылға жеңдіру, ішкі көңіл-күйінді сыртқа білдірмеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Серік ағамызды өзгелерден ерекшелейтін қасиет те осы. Ешкімнің алдында қаймықпай, әділдіктің алдаспанын биік ұстай білуінің өзі оның өмірден алған өлшеусіз тәжірибесі, іскерлігі, принципшілдігі, табандылығының арқасы.

«Биікке шықсаң, көзің ашылады, жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады» демей ме қазақ? Сол айтпақшы, ұстаз ағамызбен сұхбаттасқан әр сәт, әр күн жансарайымда сайрап тұр. Ол кісінің айтқан ақылы сан кітапқа жүк болардай. «Обал-сауапты ұмытпа!», «Ұят жүрген жерде абырой төгілмейді. Абырой бар жерде, ар шапаны сөгілмейді» деген сөздерден Серік Кәтенұлының жүрегінің кеңдігі, көңілінің дархандығы, өз принципіне адалдығы байқалады. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағидамен өмір сүрген ағамыздың арыз айтқан адамның сөзін бөлген, уәжін тыңдамай қайтарған кезі жоқ. Қай кезде де қарапайымдылығынан танбайтын, көмек сұрағандардан кеңесін аямайтын ағамыздың көпке сыйлы, қадірлі болуының құпиясы да осында.

Өн бойында елдік пен кеңдік қатар өрілген ағамыздың мықты басшы, тамаша ұйымдастырушы екеніне де талас болмаса керек. АҚШ-тың бұрынғы Президенттерінің бірі Теодор Рузвельттің «Басшы басқарады, ал көшбасы адамдарды соңына ертеді» деген дана сөзі бар. Осы биіктен алғанда, Серік Кәтенұлы соңынан көпшілікті ертіп қоймай, мықты шәкірттердің шоғырын қалыптастыра білген нағыз лидер екенін айтпай кетуге болмайды. Ал көшбасшылық тек жақсы сөйлеп, әдемі жұмыс істеуден көрінбейді. Көшбасшы болатын адам да жарық секілді. Жарықтан әлем жылулық пен шуақ алса, көшбасшыдан ақыл мен парасатты, жанашырлық пен мейірімді көреді. Серік ағамыз айналасын мейірімге шөлдетпеді, жанашырлықтың қандай болатынын шын сезіндірді. «Жақсы мен жарыққа кім қарамайды?» дегенді халық осындайда айтса керек.

Ол кісі қай сотқа төраға болып барса да, айналасындағылардың жағдайын бірінші орынға қойды. «Тұрмыстық мәселесі шешілмеген маманнан сапалы жұмыс талап ете алмайсың» дейтін өзі. Содан болар, бірінші кезекте судьялардың тындырымды еңбек етуі үшін өзі төраға болған өңірлерден баспана алуына, жер алып, үй салуына қол ұшын созды. Ортақ іс нәтижелі болса деген ниетпен талай есікті ашып, кейбір тұста беделін салуына тура келді. Осындайда әр судьяның жасаған ісіне ғана емес, отбасылық жағдайына да жіті көңіл бөлетін ағамыздың уақытты ұтымды пайдаланатын, ештеңені назардан тыс қалдырмайтын ұқыптылығына барлық әріптестер таңғалатын едік. «Адамды түсіне қарап таныма, істеген ісіне қарап таны» демекші, бұл – біз танитын, біз үлгі тұтатын Байбатыровтың санаулы қырының бірі ғана. Ал қауырт шаруадан қолы босамай тұрса да, әріптестерінің қуанышын бөлісуден, қайғысына ортақтасудан шет қалмайтын, қуанғанды қолпаштаудан, жылағанды жұбатудан қашпайтын кеңдігі туралы кеңірек тоқталатын уақыт әлі туар.

Сот – мәртебелі лауазым, жауапты қызмет. Төрелік алаңында бұра тартсаң, қадіріннен айырыласың. Осы тәмсілді ұстазымыз еске салудан ешқашан жалыққан емес. «Қызмет – қолдың кірі, ол өтеді, кетеді. Ал ізгілік іс – өшпейтін із секілді. Артыңда жақсы атың қалсын десең, жақсылық істе» дегенді де жиі қайталайтын. Айтқанын ісімен көрсететін ұстаздың өз ұстанымынан айнығанын, өтірік айтқанын, біреуге қылдай қиянат жасағанын, келе жатқан бағытын алмастырып, жолдың қос қапталын ақжем қылғанын көрген емеспіз. Оның біз білетін бейнесі, бар болмысы осы! Қызметке жаңа араласқан кезден көргеніміз әдемі өнеге, естігеніміз тағылымды сөз болғандықтан, біз де тура жолдан айнымауға, түзу бағыттан жаңылмауға тырыстық. Тіпті әлі күнге дейін көшелі іс, күрделі мәселе шыққанда «Байбатыров не істер еді?» деп ұстаздың ұлағатын ой елегінен өткізетініміз бар.

Тағдыр бізге осындай кесек кісіге іні болып, шәкірт болып ізінен еру бақытын бұйыртыпты. Ал Байбатыров салған сара жолды, дара жолды үзіп алмай жалғастыру бізге сын. Біз Серік Кәтенұлы секілді арда азаматтың ақылын тыңдап, қамқорлығын көрдік, енді сол көргенімізді соңымыздан ілескен жастарға үйрете алсақ, мықты мамандардың легін қалыптастыра алсақ – ұтқанымыз. Аппақ арына шаң жуытпай, өмірдің сан сынағынан сүрінбей өтіп, ел сенімін абыроймен ақтаған Байбатыровтың ғибратты өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге, ерекше тағылым.

Сот саласына қадам басқанымда, жол көрсетіп, жақын тұтқан, жылдар өте жақсы ұстаздан екінші әкеме айналған Серік Кәтенұлының аяғымнан тік тұрып кетуіме, бүгінгідей биікке көтерілуіме тигізген ықпалы орасан. Төреліктің туын жықпаған ағамызды кәсіби мереке қарсаңында құттықтап, деніне саулық, өзгелерге ұқсамайтын биік қалпында ғасыр жасасын деп тілеймін.

Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ,
Түркістан облыстық сотының төрағасы

АНЫҚТАМА

Серік Кәтенұлы Байбатыров 1948 жылы 11 шілдеде Алматы облысы, Жамбыл ауданының Қастек ауылында дүниеге келген. Заңгерлердің қарашаңырағы ҚазҰУ-ды бітірген соң, Талдықорған облыстық сотында тағылымдамадан өткен. 1976–1987 жылдары осы облыстың Гвардейск ауданында халық судьясы, 1987–1991 жылдары Қаратал аудандық сотында төраға қызметін атқарған. Одан кейін Талдықорған облысы әділет басқармасының бастығы болып үш жыл еңбек еткен соң, 1994 жылы Талдықорған облыстық сотының төрағасы болды. Байбатыровтың төрағалық қызметі 1995 жылы Алматы қалалық сотына жетекшілік етумен жалғасты. Алты жылға жуық ірі мегаполистің сотын басқарған ол 2001 жылы Жоғарғы Соттың Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің тізгінін ұстады.

Одан кейін Алматы облыстық сотының төрағасы, ҚР Әскери сотының төрағасы қызметін атқарып, құрметті отставкаға шыққан Серік Кәтенұлының сот саласына сіңірген еңбегі ерен.

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Сот саласындағы жұмысым 1997 жылдан басталды. Алғаш Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қалалық сотына іс жүргізуші болып қабылданып, кеңсе маманы, бас маман, сот мәжілісінің хатшысы қызметін атқарып келемін. 25 жылдық өмірімді сот саласына арнағаныма еш өкінбеймін.

КӘСІБИЛІК ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕЙДІ

Ал хатшы деген кім? Тарихты жасаған хан мен бидің жанындағы көмекшілер. Солардың еңбегімен қазақ тарихының даңғыл жолы хронологиялық тәртіппен бүгінге жетіп отыр. Көне тарихтың сыр шертуінде кімнің үлесі бар дейсіз? Өткен күн – бүгін естелік. Соларды хаттап, қағаз бетіне түсіріп жеткізген, әрине, хатшылар. Тарихтың ұмытылмауы хатшылардың қарапайым да жауапты, сауатты еңбегінің арқасы. Хош, бұл өткен ғасырдағы «писарлардың» еңбегі.

Ал, бүгінгі сот отырысы хатшысының қызметі мен міндеті қандай? Қазіргі уақытта сот отырысының хатшысы ұғымы бұрынғыдан ерекшеленбейді. Бұл сот отырысын ұйымдастыратын, сот отырысының хаттамаларын жүргізетін мемлекеттік қызметші. Хатшы тікелей сот кеңсесінің меңгерушісіне бағынады. Ал сот отырысы хатшысының жұмысына іс жүргізу басшылығын судья жүзеге асырады. Сот отырысы хатшысының жұмысы сұрау хаттарды дайындау және жіберу, соттың шақыру қағаздарын жазу, яғни процеске қатысушыларды және басқа да адамдарды сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар ету, қарауға тағайындалған істердің тізімін жасау, сот отырысына шақырылған адамдардың келуін тексеру, сот процесінің хаттамасын жүргізу, қаралған істі, оның ішінде сот отырысының хаттамасын ресімдеу, процеске қатысушыларды іс материалымен және сот отырысының хаттамасымен таныстыру, атқару парағын ресімдеу және оларды жіберу, сондай-ақ кеңсе меңгерушісінің, судьяның және сот төрағасының өзге де тапсырмаларын орындау.

Бірнеше жылдық төл тәжірибеме сүйенсем, судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне, тындырымдылығына тікелей байланысты. Содан болар, сот отырысының хатшыларына да қойылатын талап әрдайым жоғарылап отырады. Жоғарыда келтірілген дерек пен дәйектер сот отырысының хатшысы сот жүйесіндегі маңызды буын екендігін көрсетеді. Демек, сот отырысының хатшысы болу – абыройлы міндет.

Роза ДИЛЬМАКОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СУДЬЯ МІНБЕРІ

СОТ ЖҮЙЕСІ – ЖАУАПТЫ САЛА

Қазақтың заңғар жазушысы Шерхан Мұртаза «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» дегенді тегін айтпаса керек. Бұл – сауатты, пәрменді заңның сауыттай мықты қорған бола алатынының нақты дәлелі. Осыдан-ақ заңды басшылыққа алып жұмыс істейтін, заңды қару еткен судьялар жұмысының қаншалықты жауапты екенін сезінуге болатындай. «Сот пен дәрігер жоқ жерде өмір сүрмеңіз» деген нақыл сөз де қауіпсіз қоғам орнатуда басты ауыртпалықтың қай сала өкілдеріне түсетінін көрсетеді.

Шындығында, сот саласы – ең жауапты сала. Өзге кәсіп иелерінің қателігін түзеуге, ағаттығын жөндеуге болатын шығар. Ал дәрігер мен судьяның қызмет барысында қателесуге қақысы жоқ. Себебі екеуі де адам тағдырына араласады. Судьяның бір қате шешімі бір тағдырдың емес, сот процесіне қатысатын талай тағдырдың өзгеруіне ықпал етуі мүмкін.

Үшінші билікке деген талап судьялыққа үміткерлерді іріктеу механизмін күшейтуден көрінеді. Қазыларға қойылар талап ерекше. Енді судья болғысы келгендерге заңгерлік білім алып, тәжірибесінің болуы жеткіліксіз. «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына сай, 30 жастан асқан, 5 жылдан аса заңгерлік қызмет өтілі бар, үш кезеңнен тұратын біліктілік емтиханынан өткен азаматтар судьялыққа кандидат бола алады. Судья атанып, сот корпусының қатарына қосылу да босаңсуға себеп емес. Өйткені, судьялық қызмет үнемі ізденісті, еңбектенуді, кәсіби біліктілікті ұдайы көтеріп отыруды қажет етеді. Соған орай судьялардың шеберлік шыңдау, тәжірибе алмасуына жағдай туғызу мәселесі де Жоғарғы Сот тарапынан оң шешілген. Сот төрелігі академиясы сот мамандарын дайындаудың ғана емес, судьялардың біліктілігін арттырудың да жоғары мектебі болып табылады. Судьяларды аттестаттау тәртібі күшейтілген. Арнайы құрылған комиссия әрбір судьяның шешімі мен үкімін мұқият зерттейтін болады. Әсіресе, бұзылған актілерді қарау талабы қатаңдатылды. Биыл аттестациядан 500 судья өтпек. Бұл – әрбір төртінші судья үшін үлкен сынақ.

Судья қызметін Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия бағалайды. Бұл да қазылардың өз биігінен төмендемеуіне ықпал ететін тетіктің бірі. Комиссия жас судьялардың алғашқы жылы жұмыс нәтижесі бойынша кәсіби қызметіне баға беріп, жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін бағалайды.

Сапаны көтеру судьялар біліктілігіне тікелей байланысты. Соған орай әр бес жыл сайын судьяларды аттестациядан өткізу тәртібі бекітілді. Аттестация барысында судьялардың кәсіби білімі мен біліктілігін тәжірибеде қолдану дағдысына, сот актілері мен сот отырыстарын жүргізу сапасына, сот жүктемесінің нәтижелеріне, іскерлік қабілеті, ұжым ішіндегі белсенділігіне, сонымен бірге, судья әдебін сақтауы, шешімдері мен іс-әрекетіне қатысты арыз-шағымдардың негізділігіне, қоғамдағы азаматтық міндеттерін мінсіз атқарып салық төлеудегі, алимент пен айыппұлды кешіктірмеудегі жауаптылығына қарай баға беріледі. Осы талаптардың орындалуына қарай арнайы балл қойылып, жоғары ұпай жинаған судьялар аттестациядан өтеді. Ендеше аттестация судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдауына ғана емес, қоғамда да жоғары мәдениет үлгісін көрсетіп, азаматтық борышын адал атқаруына ықпал етеді.

Жауаптылықтың тағы бір көрінісі әдептілік талаптарынан байқалады. Жалпы, сот корпусын таңдаған үміткерлер судья жұмысының қиындығы тек әділ шешім шығарумен өлшенбейтінін түсінуі керек. Судьялар тура төреліктің айнасы болумен қатар, жоғары мәдениеттің, әдептіліктің үлгісі бола білуі керек. Олар сот отырысында ғана емес, соттан тыс кезде де кісілік келбетіне қылаудай көлеңке түсірмей, жат әдеттерден жоғары тұрғаны жөн. Мұның барлығы судьялардың Әдеп кодексінде толық көрініс тапқан.

Әдеп қағидалары қызметтегі және отставкадағы судьяларға бірдей қолданылады. Әр судья бағдар етер бұл кодекс құқықтық және қоғамдық маңызға ие. Соған сәйкес, судья қашанда берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде теріс көріністерге жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауы тиіс. Ал кодексте жазылған әдеп қағидалары мен нормаларын бұзған жағдайда, оған қатысты қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылады. Әдеп кодексі судьялар корпусын кәсіби және адами әдеп жағынан нығайтудың құралы. Осы үдеден шыға білу – барша судьяға парыз.

Лариса ШАМГУНОВА,
Маңғыстау облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ПАЙЫМ

ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН ЕСІМДЕР

Кәсіби мерекенің сол саладағы әрбір маман үшін орны бөлек. Біріншіден, кәсіби мейрам сот саласының мәртебесін көтеруге септігін тигізсе, екіншіден, өзгелердің сол мамандыққа деген қызығушылығын, ынта-ықласын арттырады.

Зәуре ҚАЗАҚБАЙ, Атырау қаласы №2 сотының судьясы

Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі мемлекеттік биліктің үш тармағы болып табылады. Мемлекет атынан төрелік ететін сот билігі еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз етеді. Сотқа жүгінген тараптарға қатысты әділ шешім шығарып, мемлекеттің қауіпсіздігін тікелей қамтамасыз ететін құзыретімен ерекшеленеді. Осындай міндеттерді абыроймен орындау үшін республика соттарында үнемі реформалар жүргізілуде. Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларының қай-қайсысында болмасын, сот саласының жұмысын жандандыруға, жариялылықты, қолжетімділікті, ашықтықты қамтамасыз ету мәселелеріне әрдайым көңіл бөлінеді. Өйткені, тұғыры мықты заң болмаса, сот шешімдерінің орындалуы пәрменді болмай, еліміздегі түрлі жағдайларда туындайтын әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелердің түйіні дер кезінде тарқатылмайды. Сот билігі өз үкімін әділ, мүлтіксіз орындата алуымен құнды. Егер судьяның шешімі мен үкімі орындалмай, түлкі бұлаңға салынса халықтың сотқа деген сеніміне селкеу, соттың беделіне көлеңке түседі.

Алқабилер сотының енгізілуі, медиацияның дамуы, сот сатыларының оңтайландырылуы, судьяларға істерді компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлу, «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі, «Төрелік» жүйесі, заманауи технология игіліктерін сот жұмысына пайдалану бағытында қолға алынған осындай оң шаралар көптің көңілінен шығып отыр.

Түрлі деңгейдегі қылмыстық істерді онлайн режимінде қарау сот қызметін үздіксіз атқаруға мүмкіндік берді.

Енді сәл-пәл тарихқа шегініс жасап көрелік. 1957 жылы Гурьев ауданы қайта құрылуына байланысты Гурьев аудандық халық соты да өз қызметін бастады. Халық сотының алғашқы төрағасы болып Кейкин Қойшы тағайындалды. Ол Балықшы аудандық халық сотының төрағасы болып 1957 жылдан 1965 жылға дейін атқарды.

1961 жылы Гурьев аудандық халық сотының атауы орталығы Балықшы кенті болғандықтан, Балықшы аудандық халық соты болып өзгертілді.

Ал 1964 жылдың қазан айында Балықшы ауданы қайта құрылып, аудандық халық соты Балықшы аудандық халық соты болып аталды.

1966–1972 жылдары аралығында Балықшы аудандық халық сотының төрағасы қызметін Шоңғарин Тастанбек,1972–1974 жылдары Сарғожин Теміржан, 1974–1987 жылдары Мырзалиев Өтеген, 1986–1988 жылдары Шағимардан Даурешов атқарды. Бұдан кейін Балықшы ауданы Гурьев қаласына қосылып, Балықшы аудандық халық соты Гурьев қалалық халық сотына біріктірілді.

1991 жылы Балықшы аудандық халық соты қайта бөлініп, сот төрағасы қызметіне Нұрышев Қамбар тағайындалып, 1996 жылға дейін төрағалық етті.1996–2002 жылдары Балықшы учаскелік сотына Иманғалиев Ерболат басшылық етті. 2001 жылы Балықшы ауданы Атырау қаласына біріктіріліп, Балықшы учаскелік сотына Атырау қаласының №2 соты мәртебесі берілді. 2002 жылдың ақпан айынан 2006 жылға дейін Атырау қаласының №2 соты төрағасы қызметін Примашев Нұрсапа, 2006 жылдың қараша айынан 2007 жылдың ақпан айына дейін сот төрағасы міндетін Габдуллин Мәлік атқарды. 2007 жылдың ақпан айынан 2009 жылдың шілде айына дейін Атырау қаласының №2 сотына Ізім Жұмабек басшылық жасады. 2009 жылдың шілде айынан 2010 жылдың наурызына дейін жаңадан құрылған Атырау қаласының №2 сотына Габдуллин Мәлік басшылық етті. Одан кейінгі жылдарда төраға қызметін Құтқожа Парасат, Ташенова Айгүл атқарды. 2017 жылдың 20 қазанындағы ҚР Президентінің №564 Жарлығымен Атырау қаласының №2 соты төрағасы болып Нағашыбаев Мейрамбек тағайындалды. Бүгінгі күні сотта 9 судья жұмыс атқаруда. Судьялармен халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ұжымдар мен мекемелерде ұдайы дәріс ұйымдастырылады. Республикалық, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен тығыз байланыс орнатылған.

№2 Атырау қалалық сотының судьялар қауымдастығы, сот қызметкерлері, доғарыстағы судьялар, сот саласының ардагерлері отыз жыл бойы күткен төл мерекемізді абыроймен, мерекелік көтеріңкі көңіл-күймен атап өтпекпіз.

САРАП

Сот саласы да ел дамуына ежелден өлшеусіз еңбек сіңіріп келеді. Заңдардың заманға сай жетілдіріліп, әділет үстемдігінің артуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының үстемдік құруына негіз болды.

АШЫҚ ҚОҒАМ КІЛТІ ӘДІЛ ТӨРЕЛІКТЕ

Тәуелсіздік жылдардан бері қарайғы сот жүйесіне зер салсақ, жеңілістерден жетістіктер көп. Ұдайы даму, саланы озық елдер бәсінде бәсекеге қабілетті жасау сот саласының бағыт-бағдары болды. Бұндай тоқтаусыз даму үрдісі мемлекет басшысының жолдау нұсқауларымен нақтыланып, судьялар съезінде жаңа межелерге ұмтылды, замана көшімен бірге әлемдік стандарттарға ілесті.

Әділ сот төрелігін құру, халық сеніміне ие болу, сот жүйесін ашық, әділетті, қолжетімді принциптеріне бағыттау ұзақ жылдар барысындағы айтулы меже. Цифрлы формат, онлайн соттар уақытқа үнем болып қана қойған жоқ, мұндай өзгерістер жаңа кезеңнің әділет пен ашық жүйе кезеңіне бағыт алғандығының белгісі.

Алқа билер соты, медиация институты, сотқа дейін реттеу, жаппай ақпараттандыру, кодекстердің өзгерістер мен толықтыруларды өткергені – бүгінгі заманның талап-тілегінің көрінісі. Кезеңмен қатар дамып жатқан сала бүгінде төл мерекесімен толықты. Судья және сот қызметкерлері күні өткенді саралап, болашаққа жоспар жасаудың тамаша мүмкіндігі. Атаулы күні енді әрбір судья өзіне есеп беріп, өткенді саралайды, жетістігіне қуанып, кемшілігінен сабақ алады.

Қолданысқа енгеніне көп уақыт болмаса да, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бүгінде өз жемісін бере бастады. Қазір дауласушы тарап сотқа дейін медиациялық жолмен мәмілеге келіп, судья жұмысын біршама болса да жеңілдетуде. Жақында өткен референдум аясында ҚР Конституциясы қайта түледі. Конституциялық Соттың құрылғаны көп көңіліне үміт сыйлады. Мәселесінің шешімін таппай, қысастық көруден көз ашпаған көзі қарақты көпшілік енді Конституциялық Сот арқылы өз құқығын даулауға толық кепілдік алды.

Сенім бар жерде іс өнімді. Халық бұған дейін көп ретте, сот табалдырығынан басталатын ұзын-сонар кезекке, арыз тапсырудағы білместіктеріне көп шағым айтатын. Пандемия кезіндегі онлайн формат бұл тартысқа нүкте қойды. Енді кез келген азамат арыз-шағымын, талап-тілегін онлайн форматта отырып-ақ көрсетілген үлгілермен бере алады, тікелей қарым-қатынас болмағаннан кейін кей кездерде орын алатын жемқорлық дертіне тоқтау қойылуда. Қай заңда не жазылғанын, оның қандай өзгертулер мен толықтыруларға ұшырағанын да қарапайым ел енді өз компьютерінің алдында отырып-ақ ала беретін болды. Саралай берсе, сот саласында жетістік көп. Судьяларға деген талаптың күшеюі бүгінгі таңда осы саладағы білікті мамандардың қатарын көбейтті. Білімді де алғыр жастардан жасақталған судьялар корпусы ел сеніміне ие болатыны анық. Биыл алғаш рет ресми түрде аталып отырғалы тұрған мереке – небір кезең мен әртүрлі ситуацияларды бастан кешіріп жүрген сот мамандары үшін ерекше мәртебе. Әрбірінің мерейін үстем етеді. Адал еңбек, мінсіз міндетті мұрат етіп жүрген барлық әріптестерді осы бір айтулы мерекемен құттықтаймын. Еңбектің жемісі – ел сенімінен шығу. Судья үшін бұдан асқан баға жоқ. Ел сенімінен шығып, мемлекетке адал қызмет ете берсеңіздер екен деген жүрекжарды тілегімізді қабыл алыңыздар.

И.САРКУЛОВ, Мақтаарал аудандық сотының судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БЕЛЕС

МІНДЕТ – АЙҚЫН, МЕЖЕ БИІК

Елтай БӨРІБАЕВ, Қызылорда облыстық соттың кеңсе меңгерушісі

Президент барлық деңгейдегі тәуелсіз, ашық және кәсіби соттар – заң үстемдігінің кепілі екенін ерекше атап өтті. Ол үшін кадрларды іріктеудің жаңа жүйесі енгізілуде, сот процестері мен рәсімдерінің транспаренттілігі дәйекті түрде арттырылуда. Осыған байланысты Президент Жоғары сот кеңесінің қызметінде қоғамдық мониторинг үшін ашықтық пен айқындықтың қажеттігін атап өтті. Ол Жоғары сот кеңесінің конкурстық рәсімдерін онлайн-трансляциялау практикасын енгізуді және олардың қорытындылары бойынша егжей-тегжейлі, дәлелді түсіндірмелер жариялауды ұсынды.

Сондай-ақ, алқабилер соты – сот төрелігін іске асыруға халықтың тікелей қатысуы қағидаты бойынша сот жүйесінің неғұрлым демократиялық институттарының бірі. Сот билігі сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта алқабилер соттары ерекше ауыр қылмыстар санатын қарастыруда. Президент алқабилер сотының қарауына жататын істердің санаттарын кеңейту туралы бастама көтерді.

2021 жылғы 12 ақпанда Мемлекет басшысы сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөніндегі кеңесте сөз сөйлеп, жүргізіліп жатқан сот реформасының мақсаттары – салаға жаңа білікті мамандарды жұмылдыру, әділ сот төрелігін қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті. Соттар мен сот рәсімдері қазіргі заманғы талаптарға сай болып, азаматтардың, бизнес пен инвесторлардың құқықтарын қорғауы тиіс. Сот қызметіндегі бюрократизмді жою үшін Президент Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары мен сот практикасына шолулардың мүмкіндіктерін кеңірек және жедел пайдалануды; ақпараттық жүйелерді және жаңа IT сервистерді, оның ішінде жасанды интеллект элементтерімен енгізуді; Жоғары сот кеңесі қызметінің ашықтығын; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуді; эксаумақтық соттылық қағидатын енгізуді ұсынды. Бұл ретте талап қоюшы мен жауапкер бір өңірде, ал сот басқа өңірде болатын жағдай болуы мүмкін, бірақ бұл үшін тараптардың келісімі болуы тиіс.

Бүгінде тәуелсіз сот билігінің рөлі барған сайын жоғарылай түсуде. Оның жарқын мысалы – биылдан бастап 24 маусымда судья және сот қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін атап өтетін болды. Осынау атаулы датаның таңдалуы бекер емес. Осыдан отыз жыл бұрын, дәл осы күні еліміз егемендік алғаннан кейін, Қазақ КСР «Сот жүйесі туралы» заңына өзгерістер енгізілген. Содан бері республиканың сот жүйесі жаңғыру мен реформалардың бірнеше кезеңінен өтті. Осылайша, бүгінде озық стандарттарға жауап беретін, заманауи сот жүйесі қалыптасып келеді. Алда сот жүйесін нығайту, оған азаматтардың сенімін арттыру міндеті тұр. Осынау алқалы міндетті атқаруға әрбір сот қызметкері өз үлесін қосарына сенім мол.

КӘСІП

ХАТШЫЛЫҚ – АБЫРОЙЛЫ ІС

Егер тарих шымылдығын түріп, «хатшы» деген сөздің түп-тамырына үңілер болсақ, ең алдымен хаттаушы немесе жылнамашы деген сөздердің ойға оралары анық. Осы кәсіпті иеленген адамдар туралы деректер де мол. Хатшылар данышпан, ел билеуші адамдардың қасында жүріп, олардың бұйрықтары мен жарлықтарын қағаз бетіне түсірді. Олар оны жай ғана қағаз бетіне түсіріп қойған жоқ, болған жайдың бәрін хронологиялық тәртіппен мұқият тіркеді. Небір оқиғалардың айна-қатесіз ұрпақтан-ұрапаққа өзгермей қаз-қалпында жетуі осы хатшылардың жазу шеберлігі мен зердесіне байланысты болды. Сондықтан хатшылық жұмыс заңдарды жақсы білетін, білімді әрі сан түрлі мамандықтардың қыр-сырына жетік адамдарға сеніп тапсырылады.

Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді және сот отырысының хаттамасына анық емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер енгізілген жағдайда заңда көзделген жауаптылықта болады.

Сот отырысының хатшысы іс материалдарын сот отырысында қарауға дайындаумен айналысады, хабарламаларды, шақыру қағаздарын, смс-хабарламаларды процеске қатысушылар мен тараптарға жібереді. Сонымен қатар, ол процеске қатысушы адамдардың келуін де қамтамасыз етеді. Бұған қоса ол өзі сот отырысына қатысады және сот отырысының хаттамасын жүргізеді, сот актілерін орындайды, сот істерін заңнама талаптарына сәйкес ресімдейді, құжаттарды мұрағаттайды және оларды сот мұрағатына тапсырады.

Сот отырысының хатшысы талай адамдардың тағдыры талқыға түсетін сот процестеріне қатыса жүріп, тараптар бастан кешетін барлық жағдайларды көзімен көреді. Мұндайда олар процеске қатысушылардың түрлі көңіл-күйлеріне сабырмен қарап, көңіл ауанына берілмей, өзінің барлық ынта-жігері мен тәжірибесін өзінің қызметтік міндеттерін бұлжытпай атқаруға жұмсайды. Сондықтан да ол сот құрамының бір бөлшегі бола отырып, өз ісіне қашан да жауапкершілікпен қарайды. Сот отырысының хатшысы әрдайым жоғары талап биігіне сай жұмыс істейді.

Көп жағдайда судьяның жұмысы, соттың бейнесі мен беделі хатшының өз міндеттерін қалай атқаратынына да байланысты. Оған үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Е.ИБРАГИМОВ, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

МЕМЛЕКЕТТІ ҚЫЗМЕТ

АҚИҚАТ АЙНАСЫ

Г.КУПИСОВА, Ақтөбе қалалық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

Мемлекеттік қызмет, ең алдымен, ел алдындағы жауапкершілік. Бұл – салаға келген әрбір қызметкер осы жауапкершілік жүгін сезінеді. Қоғаммен байланыс, көпшілікпен қарым-қатынас нормаларына дағдыланады. Әдепті, сауатты сөйлеу, білім-білігін дамыту, кәсібилікке ұмтылу мемлекеттік қызметшінің өрісін кеңейтіп, таным-түсінігін арттырады. Елге қызмет қай кезде де қоғамның, әлеуметтің әл-ауқатының артуымен, азаматтардың моральдық-материалдық құндылықтарының толығуымен екшеленеді.

Бүгінгі мемлекеттік қызмет стандарттары халықаралық, дамыған елдер тәжірибесінен бастау алады. Бәсекеге қабілетті елдер сапынан көріну халықтық бағамен өлшенеді. Осы ретте, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңы қабылданды. Мемлекеттік қызметтің әдеп қағидаттары бекіді. Бүгінгі таңда елдегі барлық сала Конституциядан бастау алатын осындай заңдық нормаларға бағына отырып, ондағы құқықтық нормаларды негізге алып еңбек етеді. Заманауи мемлекеттік қызмет аппаратын құру, кадрларды сапалық тұрғыда кәсібилендіру – елдегі соңғы жылдардағы ерекше қолға алынған басым бағыттардың бірі.

Сот саласы да бұл тұрғыда соңғы жылдары әжептәуір ілгеріледі. Кадрлық саясат мәселесінде жаңашылдық принциптері басшылыққа алынып, ашықтық пен қолжетімділік принципі алдыңғы орынға шықты. Бүгінде халық тарапынан сотқа деген сенім артты, үміт ұялады.

Жас кадрларды халықаралық тәжірибеден өткізу біліктілігін арттыру мақсатында алыс-жақын мемлекеттің сот салаларымен байланыс орнады. «Мемлекеттік қызмет туралы» заң аясында маман іріктеу талабында білім-біліктілікпен қатар судьяның әдеп нормалары да сараланып, конкурстық негізде ең озық талапкерлер қабылданатын болды. Мұның бәрі – тәуелсіз елдің соңғы онжылдықтардағы үлкен ізденісінің жемісі. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа реформалар қазіргі таңда өз жемісін бере бастады. Кез келген маман сүйенетін сапалық тұрғыда жеке индивид маман есебінде қалыптасу принципі жас кадрлар үшін қалыптасу қағидатына айналды.

Сот табалдырығына әділдік іздеп келген әрбір азаматтың артында үлкен тағдырлар тұр. Олардың арыз-арманын қабылдап, мұң-мұқтажын тыңдау, әділетті саралап, ақиқатын айту – судья сауатының өлшемі. Судья – мемлекет айнасы. Бұл жауапкершілік жүгін сезінгенде ғана кез келген маман жемқорлықтан алыс, тамыр-таныстықтан ада, бәсекеге қабілетті маманға айналады.

Сөзімізге мысал есебінде мемлекеттік қызмет жүйесіндегі мамандар біліктілігін көтеру мақсатында жүзеге асып жатқан біліктілікті көтеру құрылымдарын алуға болады. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, өңірлік қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталықтары, одан өзге де тәжірибелік мектептер бүгінде мемлекеттік қызметкердің ел мүддесі жолында аянбай еңбек етуіне жағдай жасап отыр. Сауатты маман – бәсекеге қабілетті, өркениетке ұмтылған елдің мақтаны.

БАҒЫТ

САЛАДАҒЫ ЖАҢА ЛЕП СУДЬЯЛАРҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Әрбір сот шешімінің артында адам тағдыры тұрады. Сондықтан сот шешімінің барынша әділ, тура болуының маңызы зор. Осы орайда, жауапты саланың негізгі тұлғасы судьяларға қойылар жауапкершілік жүгі ауыр. Адам тағдырына араласып, билік айту үшін судья нағыз заңгер әрі психолог болуы керек. Ол әрбір істі жүрегінен өткізіп, адал, әділетті, қарапайым, парасатты болуы міндетті.

Халықтың сотқа деген сенімін арттыруда да судьялардың атқарар рөлі зор. Өйткені, судьяның жүріс-тұрысы мен шығарған шешіміне, өзін-өзі ұстауына қарап халық сотқа сенім артады, сот арқылы мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан халықтың сотқа деген сенімін арттырамыз десек оны алдымен судьяларға қойылар талаптан бастаған жөн.

Сот саласында беделі мен абыройын асқақтату үшін әр судья ар-ожданына, жеке адамгершілік ұстанымы мен антына деген адалдығына, моральдық келбетіне дақ түсірмеуге тырысуы қажет. Әр сот процесінде таразыда адам тағдыры тұратындықтан, судья он ойланып, жүз толғанып шешім шығаруы керек. Айыптыға жаза белгілеген кезде, оны заң негіздеріне қоса адамгершілік ар таразысына салып өлшеуі тиіс. Жазаны жеткілікті деңгейде шығару үшін әрбір судьяның ізгілігімен қатар, ол адамның жанын терең түсінуі қажет. Судьялар әділ үкім шығарып қана қоймай, қоғам алдындағы жауаптылықты сезініп, өзінің жоғары мәдениетімен, әдебімен, жеке қасиеттерімен баршаға үлгі болуы қажет. Қазіргі кезде судьяларды халыққа барынша жақындату үшін олардың әлеуметтік желілерде де белсенділігі маңызды болып отыр. Яғни, әлеуметтік желіде судьялар атқарған жұмыстары туралы мәлімет жасап, сот актілерімен желі арқылы халықты таныстыруға мүмкіндік беріліп отыр. Осылайша олардың қызметінің анықтығы мен ашықтығына жол ашып отырмыз. Яғни, сот жүйесі басқалардан жабық болмай керісінше халық алдында, ашық болуы керек. Жауапты сала жұмысын ашықтыққа жетелеу арқылы оны уақыт сұранысына сай бейімдеу талабы тұр.

Атап өтер жайт, қазіргі таңда соттарымызды барынша халық сұранысына сай ету үшін түрлі жұмыстар атқарылуда. Соның бірі аумақаралық соттылық жүйесі. Бұл жобаның мақсаты сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған. Яғни, белгілі бір азамат Атырау қаласында тұрса, бірақ сол қаладағы судьяларға сенімсіздік білдірсе немесе қарсылас тараптың судьямен таныстығы бар екенін сезсе, жерлестік, руластық, туыстығы бар екенін біліп, соттың әділдігіне күмәнданса ол өз ісін басқа бір қалада Нұр-Сұлтанда, Алматыда, тіпті Ақтаудағы әйтеуір бір басқа қала судьясына сеніп тапсырып, жүгіне алады. Кейбір соттардың қара қылды қақ жарған әділдігі республика көлемінде белгілі болып жатса, ол сұранысқа ие болып, халық көңілінен шығуға одан әрі тырысуы мүмкін. Яғни, бұл жоба да сотқа сенімді арттыру, халықтың көңілінен шығу мақсатында қолға алынып отырған шара. 2022 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енетін бұл бастама судьялардың жауапкершілігін арттырады.

Асылжан КАСИМОВА,
Алматы қаласы Медеу аудандық №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ДЕНСАУЛЫҚ

СЕРІКТЕСКЕ АДАЛДЫҚ АИТВ ЖҰҚПАСЫНАН ҚОРҒАЙДЫ

Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырудың негізгі жолдары – бұл мүшеқапсыз жыныстық қатынас, инъекциялық есірткіні пайдалану кезінде залалсыздандырылмаған құралдарды ортақ пайдалану және АИТВ жұқтырған анадан балаға (жүктілік уақытында, босану кезінде және емшек сүті арқылы жұғуы мүмкін). Жұқтырудың басқа жолдары жоқ, сондықтан АИТВ-ны ауа-тамшылары арқылы, қол алысу кезінде, ортақ ыдысты пайдалануда, бассейнде, саунада, жәндіктердің шағуы кезінде жұқтыру мүмкін емес.

АИТВ-ны емдеу мәселесінде заманауи медицина алға жылжып, өз жетістіктерімен қуантуда. Қазір АИТВ-инфекциясын емдеуге арналған заманауи жоғары тиімді дәрілік препараттар қолданылуда. Иммунитеті төмен, өзі ауруға ұшыраған науқас адамдарға басқа жұқпалы аурулар тез жұққыш келеді. Сол себепті, оларды бір емес, бірнеше аурумен қатар емдеуге тура келетіндіктен, дауасын табу әзірге мүмкін болмай отыр. Дегенмен де, қазіргі кезде антиретровирустық дәрі-дәрмектер қолдану арқылы науқастың иммунитетін қалыптастыратын ем шаралары жүргізілуде.

АИТВ-ның ретровирусқа қарсы терапиясы пациентке өмір бойы амбулаториялық деңгейде жүргізіледі, сонымен қатар үштік емдеу схемасы қолданылады, артықшылық күнделікті бір рет қабылданатын біріктірілген дәрі-дәрмектерге беріледі. Емдеуді аурудың клиникалық сатысына қарамастан, СД4 жасушаларының кез келген санында бастаған жөн. Алайда, вирустан толық сауығу және оны ағзадан шығару мүмкін емес, дегенмен қазіргі заманғы дәрі-дәрмектер адам ағзасының қанындағы вирустың көбеюін тежейді және АИТВ-ның асқынуына кедергі келтіреді. Емдеудің арқасында вирус анықталмайтын деңгейге жеткен науқастар инфекцияны басқаларға жұқтыра алмайды.

АИТВ инфекциясы әлеуметтік маңызды ауруға жатады, осыған орай мемлекет алдын алу, емдеу, сондай-ақ, АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың құқықтарын қорғау мәселелерінде көптеген шаралар қабылдап отыр. ЖИТС және АИТВ анықталған пациенттерге мемлекет тегін медициналық көмек көрсетуге және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрі-дәрмекпен, динамикалық бақылауды қамтамасыз етуге, психоәлеуметтік, заңгерлік және медициналық кеңестер беруге, әлеуметтік және құқықтық қорғауға кепілдік береді. Сонымен қатар, біздің еліміздің заңнамасы бойынша АИТВ/ЖИТС бар пациенттерді жұмыстан босатуға, мектепке дейінгі балалар мекемелері мен оқу орындарына жұмысқа қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ, өзге де құқықтарына нұқсан келтіруге жол берілмейді.

Аурушаңдықтың қазіргі деңгейінде және бірінші орында жыныстық қатынас жолдары арқылы жұқтыру болғандықтан, АИТВ жұқтыру мүмкіншілігін ешкім де жоққа шығара алмайды, сондықтан репродуктивті жастағы азаматтар әлеуетті қауіп аймағында тұр.

Адамның иммунтапшылығы вирусын жұқтыруға АИТВ жұқтырған адаммен бір ғана жыныстық қатынаста болу жеткілікті.

Сондықтан кездейсоқ және ерте некесіз жыныстық қатынастардан аулақ болыңыздар. Егер серіктесіңіздің АИТВ-статусы туралы білмесеңіз, әрбір кездейсоқ жыныстық қатынаста мүшеқапты пайдаланып, үнемі АИТВ-ға тестілеуден өтіп тұрған абзал. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың болуы АИТВ жұқтыру қаупін 2-3 есеге арттырады, соған орай мұндай ауруларды уақытылы емдеу АИТВ-ның алдын алу болып табылады. Бізді жастардың есірткіге, жаман ауруларға жақынырақ болуы алаңдатады. Сол себепті, соңғы жылдары анықталған жаңа жағдайлардың арасында жыныстық жолмен жұқтыру жоғарылауда. Ол жағынан тек біздің облысымызда ғана емес, бүкіл республика деңгейінде әйелдердің үлес салмағы артып тұр. Соның ішінде, жүкті әйелдер. Сондықтан жүкті әйелдер жүктілік кезінде міндетті түрде екі рет АИТВ-ға тестілеуден өтуі керек, АИТВ анықталған жағдайда, әйелге жүктіліктің 14 аптасынан бастап баладағы АИТВ-ның алдын алуға арналған ретровирусқа қарсы дәрі-дәрмектер тағайындалады, балаға жұғу қаупін азайту үшін әйелге кесартілігі әдісімен босандыру ұсынылады, емшек сүтінде вирус бар болғандықтан, бала туғаннан кейін жасанды тамақтануға ауыстырылады.

Малика МЫРЗАТАЕВА,
Алматы облыстық ЖИТС орталығының маманы

СҮЙІНШІ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП,
БАҚ СЫНАҢЫЗ! ІСКЕ СӘТ!

ТАРАТУ

2. ЖШС «Табыскер-А» БИН 21064002546, 08.06.2022 жылы өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақтөбе облысы, Ембі қаласы Есет батыр көшесі №24 үй, 7 пәтер, мекенжайы бойынша қабылданады.

3. «Шаңырақ 1/2» мүлік меншік иелерінің бірлестігі БСН 220540016445 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ, ықш.ауданы, 2 үй. Тел. +7 778 399 05 27.

4. «Жидебай ауылдық қоры» қоғамдық қоры БСН 190440017085 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Бәйтерек көшесі, 19. тел. 87052505328.

5. «Фокус» ЖШС БСН 020540006139, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Гагарин көшесі 2/5, тел. 87058020917.

6. «Жулдыз-2030» ЖШС, БСН 110140012554, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 50 ғимарат, н.п.6, индекс 010000. Тел.: 87013014965.

7. «Aveli Stroy» ЖШС, БСН 170240003798, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Шарль де Голль көшесі, 1А ғимарат, н.п.1А, индекс 010000. Тел.: 87013014965.

8. «Esentai Invest» ЖШС, БСН 190740011007, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары хабарландыру осы газетте жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 52/1 үй. Тел.: 87272588880.

11. «Set' - Kunshuak» ЖШС, БСН 191040002520, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Базарбай Жұманиязов көшесі, 41/2 ғимарат.

12. «КаСла» ЖШС (БСН 180640002835) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі, 54 үй.

21. «Aqsuat Jemisi» ЖШС, БСН 201240005329, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Неусыпов көшесі, 58 үй.

ӘРТҮРЛІ

9. «DauletMarket» ЖШС, БСН 140740013133, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, А.Құрманбаев көшесі, 4 үй, индекс 160700.

13. Солтүстік Қазақстан обылысы Ақжар ауданы сотының өндірісінде: СҚО, Ақжар ауданы, Ленинград ауылы, Юбилейная көшесі, 27 үй, 2 пәтер, мекенжайында тұратын Любовь Петровна Федусиктің 1974 жылы, 28 мамырда туылған Сергей Юрьевич Федусиктің іс-түссіз жоқтығының танылуы туралы арызы бойынша азаматтық іс бар.

Соңғы тіркелген мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Ақан Сері көшесі, 35 үй. Сергей Юрьевич Федусиктің болу орны туралы қандайда бір мәлімет білетін тұлғалар болса, осы мақала жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде мына адрес бойынша орналасқан: СҚО, Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Целинная көшесі, 2, СҚО, Ақжар ауданының сотына хабарлассын. (электронды сот адресі: 150214@sud.kz).

16. «QOLDAU LTD» ЖШС, БСН 220640015183, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32А шағын ауданы, 6 үй, 12 пәтер. Тел.87711167017.

14. 20.06.2022 бастап.01.07. 2022 ж. дейін «Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, е103 к-сі, 5-уч. жапсарлас үй-жайлары бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау»бөлімі бойынша қоғамдық пікірді көпшілік талқылау тәсілімен есепке алу жүргізіледі. Тапсырыс беруші – «Наш дом 2021» ЖШС, бас жобалау ұйымы - «Елорда»ПК» ЖШС, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеуші - «Джунусов А.А.»ЖК. Жоба материалдары танысу үшін ресурста қолжетімді: ecoportal.kz. ескертулер мен ұсыныстарды ресурсқа жіберу керек: ecoportal.kz қоғамдық талқылау күні.

15. 20.06.2022 бастап.01.07. 2022 ж. дейін «Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, е103 к-сі, 3-уч. жапсарлас үй-жайлары бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау»бөлімі бойынша қоғамдық пікірді көпшілік талқылау тәсілімен есепке алу жүргізіледі. Тапсырыс беруші – «Комфортный дом 2021» ЖШС, бас жобалау ұйымы - «Елорда»ПК» ЖШС, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеуші - «Джунусов А.А.»ЖК. Жоба материалдары танысу үшін ресурста қолжетімді: ecoportal.kz. ескертулер мен ұсыныстарды ресурсқа жіберу керек: ecoportal.kz қоғамдық талқылау күні

17. «Современные Процессинговые Системы» ЖШС, БСН 210740031602 (Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 67А ғимарат, индекс 050037) таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 67А ғимарат, индек 050037. Тел.87058887413, e-mail: anvaltpro@gmail.com мекенжайы бойынша қабылданады.

18. Алаяқтық әрекеттерді жою мақсатында «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ 2022 жылғы 10 маусымнан бастап жарамсыз, ескі үлгідегі, негізгі қызмет бойынша Елтаңбалық мөр және Бас кеңсе мен Қоғам филиалдары шарт (сақтандыру полистерін) жасасуға арналған мөрдің жойылғандығы туралы хабарлайды.

19. «Строительная компания «Гарант Строй»» ЖШС, БСН 100740011427, «Arslan Kurulus KZ» ЖШС (Arslan Kurulus KZ) БСН 210640039446 қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ.,Мәңгілік Ел даңғылы 52, 9 т.е.б.

20. «Arslan Kurulus KZ» ЖШС (Arslan Kurulus KZ) БСН 210640039446, «Строительная компания «Гарант Строй»» ЖШС, БСН 100740011427, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ.,Мәңгілік Ел даңғылы 52, 9 т.е.б.

МҰРАГЕРЛІК

10. 27.01.2022 ж. қайтыс болған Ашербекова Любовь Ивановнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 46 үй, 220 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус Я.М. Котиеваға келуі керек. Тел.: 87273170857, 87057275237.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС ұжымы Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек Өтеғалиевке
ағасы Асылбектің
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты «Заң газетінің» ұжымы қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС ұжымы Редакторлар кеңесі төрағасының орынбасары, «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаеваға
қайын атасы Әсенғазының
қайтыс болуына орай «Заң газетінің» ұжымы қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ҚАЗЫНА

Бас-аяғы 40 жылдай ел басқарған, қабілет-қарымы жеткілікті, көреген саясаткер Тәуке хан мемлекеттік билікте халықты ұйыстыру, қоғамда ұжымдық сананы қалыптастыру үшін дала демократиясының мүмкіндігін тиімді пайдаланды. Мұның айқын көрінісі – Төле, Қазбек, Әйтеке сияқты ұлы билерді ұйымдастырып, ұлы далада билер кеңесін құруы ұтымды дәстүр еді. Бұл үрдіс сол заманда елді рухани жағынан біріктіре түсіп, қылмысқа тосқауыл қоятын әлеуметтік институттардың біріне айналған.

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ – ДӘСТҮР ЖАЛҒАСЫ

Ұлы даланың құқықтық жүйесін демократиялық принциптерін билер кеңесі арқылы ұстану және мемлекеттік идеологияның өзекті тармағы ретінде шебер пайдалану әз Тәукенің ел билеу саясатындағы өзіндік қолтаңбасы еді.

Бүгінгі реформалардың нәтижесінде соттың ашықтығы мен қолжетімділігі жаңа бір сатыға көтерілді. «Сот кабинеті», «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Фронт-кеңселер», құқықтық қызмет көрсету орталықтары мен медиация кабинеттерінің ашылуы, «Түнгі сот» пен «Татуласу: сотқа дейін және сотта» атты іргелі жобалардың орны бөлек «Алқабилер туралы» заң мен Қылмыстық іс жүргізу кодексінде алқабилерді іріктеу шарттары мен тәртібі егжей-тегжейлі сипатталып, «Ұлы даланың әдет-ғұрып жүйесінің құрылымдық негізін Жаңарған Қазақстан қоғамында берік қалыптастыруға негіз қаланып отыр.

Мәселен, 27.12.2019 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, жаңартылған бағыттағы реформалар дүниеге келді. Осы жерде бір айта кетерлігі 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап сот:

1) төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру;

2) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;

3) террористік және экстремистік қылмыстар;

4) соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар;

5) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар туралы істерді алқабилердің қатысуымен қарайды.

Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 125-бабы 3-бөлігі 1-тармағымен, 128-бабы 4-бөлігі 1-тармағымен, 132-бабы 5-бөлігімен, 135-бабы 4-бөлігі 1-тармағымен, 160, 163, 164-баптың 2-бөлігі, 168, 380-1-баптың 2-бөлігі 6-тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылық туралы істері де айыпталушының өтініші бойынша алқабилердің қатысуымен қаралуы мүмкін. Осы заңға 2021 жылы түзетулер енгізілді, оған сәйкес кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы аса ауыр қылмыстық істері қазірдің өзінде алқабилердің құзыретіне жатпайды.

Республикада соттылығына аса ауыр қылмыстар, жекелеген санаттар бойынша қылмыстық істерді алқабилер қарайтын қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған соттар жұмыс істейді. Алқабилер алқасының міндеті – сотталушының кінәсі немесе кінәсіздігі туралы шешім қабылдау. Алқабилердің үкімі негізінде судья айыптау немесе ақтау үкімін шығарады.

Істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу Қылмыстық процестік кодекстің 14-бөлімінде қамтылған.

«Алқабилер туралы» заңдағы өзгерістер әр азаматтың құқығын әділ қорғауды мақсат етеді. Демек, аталмыш заңның қағидаларын түсіндіру, жұртшылыққа дер кезінде жеткізу – сот мамандарының басты міндеті ретінде жұмыстана беретін боламыз. Өйткені, «Алқабилер туралы» заң заман талабы.

Самал УРАЗГАЛИЕВА,
Казталов аудандық №2 сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол уақытта, Балқаш қаласының 1-ші учаскесінің бірінші халық судьясы – Ғабулла Имамбаев, 2-ші учаскенің судьясы – Маткен Рахимжанов, ал 3-ші учаскенікі – Құсайын Өтегенов болды. Соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі қалпына келтіруде Балқаш қаласының халық соты учаскелерінің судьялары М.Ишмурадов, И.Восковцов, А.Ермошкина, В.Шматков, Л.Ткачева, Ш.Сұлтанбаев, А.Тойшыбеков, К.Сәрсенов, В.Алешин, Л.Ефремова, А.Каукенов, З.Кузнецовалар елеулі еңбек етті. Ал 1960 жылдан бері қарай Балқаш қалалық сотында төраға лауазымында қызмет атқарған Абдрахман Каукеновтан бастап, маған дейін 13 адам болды. Мен 2021 жылы 14-ші Балқаш қалалық сотының төрағасы болып жұмысты жалғастырдым. Негізі, бұл салаға 17 жасымда келген едім. Еңбектің қазанында қайнап, барлық сатыдан өттім. Бүгінде мамандар үлкен істердің басын құрап, еліміздің сот жүйесін ілгері дамытуда еңбек етуде.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құруда заң үстемдігіне жете мән беріп отыр. Конституциялық өзгерістер мен толықтырулар аясында заң жобасына байланысты сіздің пікіріңіз қандай?

– Ежелден қазақ қоғамы қашанда заңға арқа сүйеп, тәртіпке тәуелді болған. Көненің көзі қалыптасқан жарғылардан бастап, әділдік іздеген жанның сүйенішіне айналған. Сондықтан Жаңа Қазақстан құру жолында заң саласының дамуы, халыққа қолайлы жасалып, жүйеленуі тәуелсіз елдің әрі қарай өркендеуіне үлесін қосады. Оның ішінде, халықпен санасып, елдің талқысына салып, заң аясында жаңа редакция бекігеннен кейін бұл салада өрлеу басталатындығына сенім артамын. Заңға сүйеніп тәртіпке бағынған мемлекет өркендейді.

– Заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында 2016 жылдан бастап бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесіне көшті. Үш сатылы сот жүйесінің артықшылықтары мен пайдасы туралы да айта отырсаңыз?

– Үш сатылы сот жүйесіне көшу барысында барлық заңның тетіктері ескерілді. Бұл шешім бір сәтте ойлап тауып, шұғыл қабылданған жоқ. Талқыланды, ой таразысына тартылды. Бірінші саты – аудандық және оларға теңестірілген соттар, апелляциялық саты – облыстық сот, кассациялық саты – жоғарғы саты болып бекітілді. Атап айтқанда, сот сатыларының бес сатыдан үш сатыға азайюы апелляциялық сатының рөлін күшейтуге зор мүмкіндік береді. Үш сатылы сот жүйесіне көшуімізді құқықтық қоғамды дамытуға бағытталған басты қадамға және жетістікке балаймын.

– Сот төрелігін жүзеге асырудың тиімділігіне – қос тарапты бітімгершілікке шақыру жатады. Соттың осы бағыттағы жұмысы бойынша не айтар едіңіз?

– Өмір болған соң әр түрлі пікірдегі адамдар болады. Бірақ, дені істерді заңды түрде қаратып әділ шешімдерін алып жатады. Дауласып, ұрысып келгендердің ішінде сот процесі үстінде татуласып, бір мәмілеге келгендер де көп болды. Біз сотқа дейін екі тараптың дауын шешуде сараптама жұмысын атқарамыз. Бұл жерде

Ләзат САҒЫМБЕКОВА, ***Балқаш қалалық сотының төрағасы:***

«ЗАҢҒА АРҚА СҮЙЕП, ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУ МЕМЛЕКЕТТІ ӨРКЕНДЕТЕДІ»

медиацияның рөлі жоғары. Медиацияның тиімділігі жөнінде тағы бір ескеретін жайт, бұл жерде екі тарап ортақ келісімге келетіндіктен, шешімнің орындалу деңгейі жоғары болады. Соттағы іс жүргізу процесінен айырмашылығы, медиация еркін процесте жүргізіледі. Осы бағыттарда жұмыс жасап, біз істі сотқа жеткізбей мәселені шешуге тырысамыз.

– Ұзақ жылдан бері судьялық қызметтің ыстығына күйіп, суығына тоңып келесіз. Сөз басында өзіңіз жұмыс жасап жатқан салаға 17 жасымда келдім деп айтып қалдыңыз. Судья халықтың ары демекші, бүгінгі судьяға қойылар талап қандай?

–Бұл салада еңбек етіп жатқаныма биылғы жылы 40 жыл болады. Сот жүйесі заң үстемдігін толық қамтамасыз етуді көздейді. Сондықтан, қазіргі таңда жалпы судьяларға және үміткерлікке кадрларды іріктеу мен орналастыруға айрықша назар аударылып отыр. Әр судья қара қылды қақ жарып әділдікті ақ ту етуге тиісті. Сол себепті де республикада Жоғары сот кеңесі қайта құрылды. Сот судьясы лауазымына үміткерлерді іріктеу механизмі де күрделенді. Енді сотқа төрелік ету – кәсіби біліктілігі жоғары мамандар еншісінде. Қазір судья болу үшін екі үлкен мүмкіндік бар. Бірі – біліктілік емтихандарын тапсыру болса, екіншісі – мамандандырылған магистратураны бітіру. Бұл жүйе аясында тәжірибелік сынақ арқасында сот жүйесі біліктілігі мықты мамандармен қамтамасыз етіледі деп ойлаймыз.

– Өзіңіз басқаратын сот ұжымының қандай жетістіктері бар, кейінгі жылдарда қол жеткізген жетістіктерге қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Сот жүйесін цифрландыру қарқыны, соттарды материалдық-техникамен қамтамасыз ету деңгейі мен көлемі, соттың қолжетімділігі мен ашықтығы сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Сот органдарының сервистері мен қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі – «Сот кабинеті»; 32 мемлекеттік органдардың мәліметтер базаларымен интеграцияланған «Төрелік» жүйесі; сотқа келушілер үшін жасалған «Фронт офистар» және «Медиаторлар кабинетінің» жұмысы; «Татуласу: сотқа дейін, сотта» және «Түнгі сот» жобаларының жұмысы – оң өзгерістердің дәлелі. Нақты айтқанда, 2019 жылы Балқаш қалалық сотында «Фронт-кеңсе» ашылды. Фронт-кеңседе сотқа келушілерге ыңғайлы болу үшін барлық жағдайлар жасалынған. Ол қажетті кеңсе жабдықтарымен жабдықталған, мұнда сотқа өтініштерді ресімдеу және беру тәртібі, сот өндірісіндегі істер мен материалдардың қозғалысы мен оларды қарау барысы, сот отырыстарын өткізу уақыты, кіріс хат-хабарлар мен өзіне өзі қызмет көрсету аймағы туралы мәліметтерді ұсыну бойынша қызмет көрсететін ақпараттық орталық орналасқан. Бұл жерде медиаторлар мен адвокаттарға арналған жеке кабинеттер бар. Өзіне өзі қызмет көрсету секторында азаматтар «Сот кабинеті» қызметін еркін пайдалана алады, WI-FI орнатылып, гаджеттер үшін қуаттандыру құрылғылары қойылған. Бұл жұмыстар жыл сайын дамып өз жемісін беріп келеді. Бүгінгі күнде Балқаш қалалық сотында 11 судья сот төрелігін жүзеге асыруда. Қалалық сот қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарауға мамандандырылған.

– Өз әріптестеріңізге енді бүгінгі ортақ мерекеге сай бір ауыз жылы лебізіңізді білдірсеңіз.

– Ия, биылғы жылы алғаш рет еліміздің судьялары мен сот қызметкерлері мерекесі тойланғалы отыр. Аталған салада еңбек ететін қызметкерлердің функционалдық міндеттері аса қатты жауапкершілікті талап етеді. Оны әріптестеріміз жақсы біледі. Судья – сот саласының тірегі, әділдік – халықтың тілегі. Кеңсе меңгерушісі – сот кеңсесінің жұмысы мен соттағы іс жүргізуді ұйымдастыратын маманға дейін табаны тозып еңбек етеді. Осындай сала мамандары үлкен істердің басын құрап, еліміздің сот жүйесін ілгері дамытуда тер төгуде. Барша әріптестерді мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларына амандық, дендеріне саулық тілеймін!

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Нұрдос КӘРІМ.

ПІКІР

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШ

Сот жүйесіне және оның имиджіне әсер ететін бірнеше тармақтар бар. Оның ішінде сот жүйесінің материалдық базасын арттыру, сот кадрларын іріктеу, оқыту және жан-жақты дамыту, сот жүйесін жетілдіру, құқық қорғау қызметінің заманауи стилін қалыптастыру, сот қызметінің ортақ этикасын қалыптастыру, сот төрелігін жүзеге асыруда жұмыс барысын жетілдіру, отандық және әлемдік сот тәжірибесінің озық жетістіктерін тәжірибеге енгізу секілді факторлар сот саласының мүмкіншілігін молайтып, азаматтар алдында оң имиджін қалыптастырмақ.

Сондай-ақ, судьялардың мемлекеттік тілді меңгеруі де олардың имиджіне белгілі бір әсерін берері анық. Бұл факторлардың оң бағытқа өзгеруі халықтың сот жүйесіне деген сенімінің артуына түбегейлі әсер етеді. Халық сенімі – сот билігі күшінің ең маңызды көзі, оның жұмыс тиімділігінің бастапқы көрсеткіші. Осылайша, сотқа деген сенім мемлекетке деген сеніммен салыстырылады. Сондықтан да сот жүйесін жаңғырту халықтың сотқа деген сенімін нығайтуға, имиджін көтеруге бағытталған. Сотқа деген сенім – азаматтардың құқықтары мен бостандықтары сөзсіз сақталып, қорғалған жағдайда ғана мүмкін болады.

Сонымен қатар, сот жүйесіне қатысты қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – кадр даярлау және іріктеу мәселесі. Сот мәртебесін көтеретін тәжірибелі мамандар даярлау қажет. Атап айтқанда, келешек судья лауазымына үміткерлікке – арнайы жоғары білімді, заңгерлік кәсібі бойынша сот саласында жұмыс өтілі бар, білікті, іскер, өзі атқарып отырған қызмет орнына жаңы ашитын маман таңдалса, ол соттың болашағы жарқын болары сөзсіз. Сот жүйесінің оң имиджін қалыптастыру судьялардың қаншалықты жедел және ашық жұмыс істеуіне де байланысты. Заң талаптарын мүлтіксіз сақтау жолында сот төрелігі азаматтар мен қоғамның негізгі мүдделеріне сай болуы шарт.

А.КҮНШЫҒАРОВА,
Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының кеңсе меңгерушісі

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №82 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31